Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Н дыбысы мен әрпі» Мақсаты Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру; Н дыбысы және оның таңбасымен таныстыру. Дыбыстың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. Дыбыстың айту артикуляциясын дұрыс дыбыстап айта білу қабілеттерін дамыту. Н дыбысы бар сөздерді атау; дыбыстың сөзде орналасуын анықтай білу қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» 2. Математика негіздері Тақырыбы: «10 саны» Мақсаты: 10 санының жасалуы. Жай есептер мен мысалдарды шығару. 10 санымен және жазылуымен таныстыру, 10 санының жазылуын заттардың санымен сәйкестендіре білу, заттарды реттік және есептік санау, тура және кері санау дағдыларын қалыптастыру, берілген тапсырмаларды мұқият тыңдап, тиінақты орындауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «10 ға толтыр» 3. Музыка Тақырыбы: Үйдегі	1.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Күз сыйы» Мақсаты: күздегі ауыл шаруашылық еңбектерімен таныстыру, - көкөніс пен жеміс-жидектердің бау-бақшада өсетіні, олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендерін адам денсаулығына маңызы туралы түсініктері Дидактикалық ойын: «Не қайда өседі?» 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі» Мақсаты: Балаларға үйдегі қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету. Балалардың адамгершілік қасиеттерінің дамуына жағдай жасау, сөздік қорын, ой - өрісін дамыту, отбасы қамқорлығымен қатар өз басын дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Болады-болмайды» 3.Сурет салу Тақырыбы: «Сиқырлы кемпірқосақ» «Сиқырлы кемпірқосақ» Балалардың жыл бойына өткен білімдерін қайталау, сурет салу дағдыларын жетілдіру, түстерді ажыратып, қолдана білуін пысықтау. Бейнелеу қырына деген сүйіспеншілігін	1. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» (ертегі) Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Ертегінің мазмұнын, басты кейіпкерлердің мінез – құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Дидактикалық ойын: «Не қауіпті?» 2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Көшедегі қауіпсіздік» мақсаты: Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау, балалардың өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру. Танымдық белсенділігін, жол белгілерін білу мен олардың атқаратын қызметін, қоғамдық және көліктердегі тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін, ойын арқылы ойлау қабілетін, тіл байлықтарын дамыту. Дидактикалық ойын: «Үй құрастыр» Мақсаты: Тіктөртбұрышты дұрыс құрастыруға баулу. 3.Жапсыру Тақырыбы: Біздің үй Мақсаты: Отбасына деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Қайшымен жұмыс істеу іскерлігіне баулу, тақырыпқа сай заттармен өз жұмыстарын толықтыра білу іскерліктерін бекіту Дидактикалық ойын: «Отбасым» 4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» Мақсаты: Біз-біріңе қарап	1.Орыс тілі Тема: «Безопасность на улице дома» Цель: Сформировать у детей представление об опасных предметах, которые встречаются в быту, необходимости этих предметов для человека, правилах пользования ими. Формировать представления детей об опасности при обращении с различными предметами в быту; 2.Музыка Тақырыбы: Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» Мақсаты: Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. Әуенге сай би-қимылдарын үйрету. 3.Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Мен қандай баламын?» Мақсаты: Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру. Қыз бен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру. Өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру. Өзара жағымды қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Не кімге тиесілі?»	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Н дыбысы мен әрпі» Мақсаты Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру; Н дыбысы және оның таңбасымен таныстыру. Дыбыстың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. Дыбыстың айту артикуляциясын дұрыс дыбыстап айта білу қабілеттерін дамыту. Н дыбысы бар сөздерді атау; дыбыстың сөзде орналасуын анықтай білу қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» 2.Мүсіндеу Тақырыбы: ««Себет» Мақсаты: Себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету. ұсақ қол, саусақ қимылдарын дамыту. Дидактикалық ойын: «Өз орнына қой» Мақсаты: Балаларды отбасын сыйлауға, отбасындағы үлкендерді құрметтеуге үйрету. Отбасы туралы әңгімелеуге баулу. 3.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» Мақсаты:
--	--	---	---	--	--

Серуенге дайындық	Өз бетімен киіну, бөтеңке бауын байлау, салу, киімдерінің түймелерін салуын қадағалап үйрету. Мадақтау.
-------------------	---

Серуен	Бақылау: Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. Еңбек: Біздің ауламыз. Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: «Күзгі киім». Мақсаты: Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету. Қимылдық ойын: « Күн мен түн». Мақсаты: Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшаңдыққа, ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын арысында серуене қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым қатынас жасауға үйрету.	Бақылау: Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра ылуге, күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Жеке жұмыс: «Күз» өлеңі. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен. Қимылдық ойын: «Қашпа, доп». Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Еңбек: Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала. Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер». Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын арысында серуене қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым қатынас жасауға үйрету.	Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бакшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс —жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын арысында серуене қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым қатынас жасауға үйрету.	Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек:Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Отан —менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. Қимылдық ойын: «Қояндар секіреді». Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын арысында серуене қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым қатынас жасауға үйрету.у.
--------	---	--	---	--	---

Серуеннен оралу	. Өз бетімен шешіну, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймелерін ағытуын қадағалап, үйрету, мадақтау. Беті қолдарын сабындап жуу.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып-тұру, тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге, майлықты қолдануға үйрету. Тамқтан соң ас қайтарып, алғыс айту.				
Ұйқы	Ертегі айту.	Әдемі әуенмен балаларды ұйықтату	Ертегі айту	Тыныш музыка қосу	Әдемі әуенмен балаларды ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Керілу созылу суға жуыну. Су процедурасы Ұйқыдан тұрған соң массаж жасау.				
Бесін ас	Балаларға ас ішерде қолдарын жуу керектігін ескерту. Ас ішіп болған соң да қолды жуу керектігін ескерту.				
Ойындар, дербес-іс әрекеттер	Вариативтік компонент: «Сиқырлы әріптер» Н дыбысы мен әріпі (Н әріпін жазу) Балаларға үйдегі қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету. Н әріпін жазуға үйрету. Қаламды, дәптерді ыңғайлы ұстауға	Әңгімелесу: «Әртүрлі жағдаяттарды шешу» Мақсаты: балаларға өздері тап болуы мүмкін әртүрлі қауіпті жағдайлардан дұрыс шығу жолдары туралы әңгімелесе отырып, үйрету.	Вариативтік компонент: «Ойнайық та, ойлайық» Тақырыбы: «Су асты әлемі» (топтық ойын) Ойын: Текшелердің арасынан су асты қайығын құрайтын бөлшектерді табуды және орналасу ретін білуді үйрету. Балалардың зейінін дамыту, жасаған жұмыстарына сипаттама беруге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Жақсы мен жаман» Мақсаты: балаларға құралдардың қандай жағдайда жақсы және қандай жағдайда жаман екендігін айтыр түсіндіру.	Вариативтік компонент: «Кел, билейік!» Мақсаты: балаларды музыканың сипаты өзгергенде кимылдарын да өзгерту дағдыларын дамыту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.	Асылайымға музыка ырғағын тыңдауға үйрету Мақсаты: музыканың сипаты өзгергенде қимылдарын да өзгерту дағдыларын дамыту.	Алиді дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету Мақсаты: айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық ай алуды үйрету.	Фаризаға қалам ұстауды үйрету Мақсаты: штрихтар салу, заттық суреттердің үстінен басу дағдыларын игерту.	Нұралыға: жыл мезгілдерін ажыратуды үйрету Мақсаты: қоршаған ортадағы заттарды, жыл мезгілдерінің белгілері мен табиғаттың жеке құбылыстарын атауға баулу.	Айымға ата-анасы туралы айтып беруге үйрету Мақсаты: өзі, ата-анасы туралы әңгімелеп береді, мекен-жайын айтқызу.
Серуенге дайындық	Киімді ауыстырып серуенге шығуға дайындық. Беті қолдарын жуамыз, киімдерін өздеріне киюге үйретеміз. Сапқа тұрып далаға шығамыз.				
Серуен	Балалармен жақын әңгіме, балабақшаға қандай көлікпен келгендерін сұрап және де кіммен келгендерін сұрап сөздік қорларын дамыту.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен сұхбат.	Ата-аналарға балардың жаңа топқа ауысуына сәйкес әңгімелесу.	Қажетті құжаттарды сұрау.	Нұсқаулар беру.	Мезгілге сай баларды жылы киіндіруді айту.

2021-2022 оқу жылы, Қазан айының IV аптасы 25-29- ы аралығындағы циклограммасы
«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.
Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
Апта тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: 1. Денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру жаттығуларын орындау қызығушылықтарын арттыру;
2. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
3. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;
4. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне отырып, өз ойларын айта білуге, қиялдарын дамытуға ықпал жасау;
5. Отбасындағы салт-дәстүрлерді құрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25/10/2021	Сейсенбі 26/10/2021	Сәрсенбі 27/10/2021	Бейсенбі 28/10/2021	Жұма 29/10/2021
-------------	---------------------	---------------------	---------------------	---------------------	-----------------

Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу				
Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Дидактикалық ойын: "Қай мезгіл?" Мақсаты: Жыл мезгілдерін өзіне тән сипаттары бойынша ажыратып., ретімен орналастыру	Дидатикалық ойын: «Күзгі көрініс» Мақсаты: суреттер бойынша әңгіме құрап айтып беруге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Менің айтуым бойынша...» Мақсаты: суреттеп айтқан жыл мезгілін табу және ерекшеліктеріне назар аудару.	Дидактикалық ойын: "Жануарлар қоймасы" Мақсаты: Қысқа дайындалатын жануарлардың жемдерін (қоректерін)ажырата алуды үйрету.	Дидактикалық ойын: "Қай ағаштың жапырағы?" Мақсаты: Балаларды түрлі ағаштармен таныстыру, олардың жапырақтарындағы айырмашылыққа назар аударту.
Таңертенгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені№ 4 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда, Әумин.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Әңгімелесу: «Алтын күз» тақырыбында балалармен әңгімелесу Мақсаты: Балаларды күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерімен таныстыру.	Дидкатикалық ойын: "Сыңарын тауып көрші" Мақсаты: әр түрлі күзгі суреттер бейнеленген карточкаларды бүтін	Дидактикалық ойын: "Күзде не болады?" Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ажырата білуге	Дидактикалық ойын: "Қай жемісті тастап кеттік?" Мақсаты: Балаларға жемістердің атауын дұрыс айтуды үйрету.	Дидактикалық ойын: "Қандай шырын?" Мақсаты: Әр түрлі жемістер мен көкөнітердің шырынын олардың түсіне қарай ажыратуға үйрету.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:«Н дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру; Н дыбысы және онын таңбасымен таныстыру. Дыбыстын негізгі ерекшеліктерімен таныстыру.Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла!» 2.Математика негіздері Тақырыбы: «Заттарды өлшемі бойынша салыстыру» Мақсаты: а) заттың салмағы және оны өлшеу туралы түсінік қалыптастыру; заттарды «ауыр-жеңіл» сөздерін пайдалана отырып салыстыруды үйрету; заттарды қолмен салыстырып, олардың салмағын көлеміне қарай анықтауды үйрету; ә) заттың кеңістіктегі орнын сипаттау қабілетін дамыту бағытындағы жұмысы жалғастыру; баланың зейінін, ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту; б) ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қайсысы ауыр?» 3.Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.	1.Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Табиғат-денсаулық мекені» Мақсаты: Табиғат,денсаулық құндылықтары туралы түсіндіру.Табиғат пен денсаулықтың өзара үйлесімділігі туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықты сақтау дағдылыарын дамыту. Тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу Қимылдық ойын «Көмек» 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жомарт күз» Мақсаты: Күз мезгілінің астық, жеміс-жидек,көкөністерді жинау мезгілі екенін,күздегі ауылшаруашылық еңбек түрлері жөнінен білім беру.Күз мезгілі туралы білімдерін толықтыру.Ел байлығы астықтың жиналуы, пісуі,оның дастарханға келіп түсуіне дейінгі адамдардың еңбегін дәріптеу Дидактикалық ойын: «Орнын тап» 3.Сурет салу Тақырыбы: «Күз» Мақсаты: Балалардың күзгі баққа саяхатқа барғанда табиғаттан алған әсерлерін, көрген көріністерін суретте көрсете білу дағдыларын қалыптастыру;	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күз жомарт» Е.Өтетілеуұлы (жаттау) Мақсаты: Мақсаты:Балалардың табиғат жыл мезгілдерімен тығыз байланысты екенін, жылдың төрт мезгілінде табиғат құбылыстырының әр түрлі болатынын, табиғат адамдарға өз сыйын жылдың күз мезгілінде сыйлайтынн түсіндіру. Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Дидактикалық ойын: «Дұрысын тап» 2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Қош келдің Алтын күз!» Мақсаты:Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен (оңтүстік пен солтүстіктегі күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру:. Дидактикалық ойын: «Дұрысын тауып көрші» 3.Жапсыру Тақырыбы: «Күзгі ағаштар» Мақсаты: Жапсыру барысында балаларға жыртылған қағаздан аппликация жасауды үйрету;	1.Орыс тілі Тема: «Золотая осень» Цель:Учить дошкольников видеть и называть природные изменения. Научить называть осенние месяцы в их правильной последовательности. Научить понимать и правильно отвечать на вопрос <i>Какое сейчас время года?</i> Формировать обобщающее понятие <i>фрукты, овощи;</i> познакомить с названиями некоторых из них, называть их вкусовые качества, цвет, размер (большой – маленький). 2.Құрастыру Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Табиға материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Салыстырып көрші» 3.Мүсіндеу Тақырыбы: «Санырауқулақты	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Н дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру; Н дыбысы және онын таңбасымен таныстыру. Дыбыстын негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла!» 2.Қауіпсіз мінез құлық негіздері Тақырыбы: «Табиғат-тіршілік нәрі.» Балалардың табиғат туралы білімдерін бекіту. Ғаламшардағы флора мен фаунамен таныстыру Адам, өсімдік, жануарлар өмірі үшін табиғат сыйы туралы мәлімет беру. Қимылдық ойын: «Не қайда?» 3.Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұндағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін ырғақты мәнерлігін түсініп ажыратуға үйрету
--	---	---	--	--	---

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін

Серуен	Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: « Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қойр молайту. Қимылдық ойын: « Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын арысында серуене қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым қатынас жасауға үйрету.	Бақылау:Жаңбырды бақылау. Мақсаты:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек:Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты:Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян». Мақсаты: Балаларды ептілікке және шапшаңдыққа үйрету. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын арысында серуене қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым қатынас жасауға үйрету.	Бақылау:Құстардың күзгі тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты:Ойыншықта рын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпак: «Құстар қайтып барады». Мақсаты:Балаларға тақпак жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын арысында	Бақылау:Жылы жаққа қайтқан тырнарларды бақылау. Мақсаты:Күзде тырнарлардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек:Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырнарлар. Мақсаты:Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Ақсерек-Көксерек». Мақсаты: Балаларды логикалық олаға, алдын-ала болжай алуға, ұжыммен дұрыс шешім қабылдай алуға үйрету. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын арысында	Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек:Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпак Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Қимылдық ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын арысында серуене қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым қатынас жасауға үйрету.
--------	--	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Ас ішуге тұрайық Қолымызды жуайық Сабын суды аямай Тазалықты ұғайық.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анан, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Баяу әуен қосу	Ертегі айту
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, майтабандылықты болдырмау Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау Табаңды уқалау Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, майтабандылықты болдырмау				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сикырлы әріптер» Н дыбысы,әріпі (Н әріпін жазу) Мақсаты: Күзгі бау-бақша өнімдерінің , күз байлығының пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Балалардың ойын дамыту, сөздік қорын молайту. Н дыбысы туралы білімдерін бекіту, дәптерге жаздыру,денелерін тік ұстап отыруға жаттықтыру.	Сюжеттік ойын: «Мұғалім» Мақсаты: Балаларды мектепке және мұғалімге деген қызығушылығына іс жүзінде жағдай туғызу.Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және берілген рөлді сомдауға үйрету.	Вариативтік компонент «Ойнайық та, ойлайық» Тақырыбы: «Жиһаздар» Ойын: Сәулетші «кереге» (Топтық ойын) Мақсаты: Балаларға кереге туралы түсінік беру. Тақтайшаларды жинақтап кереге құрастырып үйрету және жасаған жұмысы туралы әңгімелеуге үйрету.	Ұжымдық үстел үсті ойыны: «Үй құрастырамыз» Мақсаты: Балаларға тіктөртбұрыштар мен үшбұрыштардың және конструкторлардың көмегімен үй құрастыруға баулы.	Вариативтік компонент: «Кел билейік!» Мақсаты:Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Әуенге ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.

Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Махсудқаға түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету Мақсаты: Қолын қалам ұстауға машықтандыру.	Айсезімге заттарды топтастыра алуды меңгерту. Мақсаты: Бір топқа жататын заттарды қосып, олардың ортақ қасиеттерін айтуға баулу,	Асылайымғадауыссыз дыбыстарды дұрыс айта алуды үйрету Мақсаты: тіл маторикасын дамыту.	Алиге қарындашты дұрыс ұстай білуді үйрету, бояу тәсілдерімен таныстыру. Мақсаты: Қолын қалам ұстауға машықтандыру.	Айсұлтанға кеңістікті дұрыс бағдарлауды үйрету (оң, сол) Мақсаты: оң және сол жақ кеңістікті бағдарлай отырып, заттарды тауып луға үйрет.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу	Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап	Кенес беру	Күннің суытуына байланысты ата-аналарға еркертүлер	Балалардың жеке бас гигиенасына мән беруді талап ету

2021-2022 оқу жылы, Қараша айының 1-ші аптасы 01-05- і аралығындағы циклограммасы

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Апта тақырыбы: «Өзім туралы»

Мақсаты: Балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

-Негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байыту, Жеке гигиенаны сақтау дағдыларын кенейтуге ықпал ететін жағдаяттарды ұйымдастыру,салауатты өмір салтын сақтай білулерін дамыту.

-Күн тәртібі, ертеңгілік жаттығудың денсаулыққа тигізетін пайдасы туралы мағлұмат беріп, сақтай білуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.11.2021	Сейсенбі 02.11.2021	Сәрсенбі 03.11.2021	Бейсенбі 04.11.2021	Жұма 05.11.2021
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу				
Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				

Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Саусақ ойындары Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орайды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. Мақсаты: Саусақ жаттығулары арқылы балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту	Құрылыс ойындары «Менің жатын бөлmem» «Қуыршақтарға кереует құрастырамыз». Мақсаты: Балаларға қағаздан түрлі заттар жасауға үйрету. Өз бөлмесі туралы қысқаша әңгіме құрауға үйрету.	Дидактикалық ойындар «Мен қандаймын?» Мақсаты: Балаларға өзі туралы, киген киімі туралы сипаттап, әңгімелету, байланыстырып сөйлеуге тәрбиелеу.	Санамақтар айтқызу Бір апта Дүйсенбіде доп ойнадық корада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік клубта. Жексенбіде үйде болып дем алдық, Осылайша өте шықты бір апта. Мақсаты: Балалардың санамақтар айтқызу арқылы	Өлең жолдарын оқу, ойын жаттығулары Қоюланып қара бұлт, Жаңбыр жауды себелеп, Жапырақты жамылып, Жата қалды көбелек. Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабылеттерін дамыту, маусымдық ерекшелікті ажыратуға тәрбиелеу.
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №5 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда, Әумин.				
Ұйымдастыры лған оқу қызметіне дайындық	Әңгімелесу: «Өзің туралы не айтар едің?» тақырыбында балалармен әңгімелесу Мақсаты: Балалардың өзі туралылы қысқаша	Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап» Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге	Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр» Мақсаты: балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге	Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап» Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту	Үстел-үсті ойыны: «Реттілігін тап» Мақсаты: Балалардың аңғарымпаздығын дамыту

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сауат ашу негіздері Сауат ашу негіздері(1) Тақырыбы: Ғ дыбысы «Ғ дыбысы мен әрпі» Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру; Ғдыбысы және онын таңбасымен таныстыру. Дыбыстын негізгі ерекшеліктерімен таныстыру Дыбыстың айту артикуляциясын дұрыс дыбыстап айта білу қабілеттерін дамыту. Ғ дыбысы бар сөздерді атату; дыбыстын сөзде орналасуын анықтай білу қабілеттерін дамыту Дидактикалық ойын: «Ғ» дыбысы бар суретті тап» 2.Математика негіздері Тақырыбы: Ұзындық шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру. а) ұзындық туралы түсініктерін қалыптастыру; заттардың ұзындығын бір-біріне салу арқылы және шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді үйрету; ә) балалардың кеңістіктік қиялы мен сөйлеу қабілетін, зейінін дамыту; б) сұраққа толық, дұрыс жауап беруге үйрету. Дидактикалық ойын: «Қайсысы ұзын ажырат?» 3.Музыка Тақырыбы: Ән салуға, билеуге, ойнауға	1. 1.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Күз бізге не сыйлады?» Күз байлықтары жайында әңгімелеу. Күзгі адамдардың еңбегі туралы түсіндіру. Дидактикалық ойындар негізінде күз туралы ұғымдарын кеңейту.Бау-бақшалардан, егін алқабынан мол өнім жинау туралы білімдерін қалыптастыру, татулыққа, бірлікке, өзара көмек көрсетуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап» 2. 3. 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен кімін?» Балаларды өздері туралы білуге үйрету. Кіммін? деген сұраққа толық жауап бере білу қабілеттерін дамыту. Байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Өзінің тегін дұрыс айтуға үйрету(аты-жөні) Отбасындағы туыстық атауларды дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу Дыбыстардың нақты артикуляциясын,интонациялық мәнерлігін қалыптастыру.Сурет бойынша әңгіме	5. 1.Көркем әдебиет Рақым Тышқанбаев Тақырыбы: «Жақсы мен жаман» өлеңді жаттау Өлеңді мәнерлеп оқу, мазмұнын ашу, түсіндіру;өлең жолдары арқылы жақсы мен жаманды ажырата білуін меңгерту; балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Шығарманың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдай білуге үйрету Дидактикалық ойын: «Жақсы мен жаманды тауып, әңгімелеп, белгіле!» 2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Адамдар қайда тұрады?» Балаларды қай көшеде тұратынын,оның балабақшасы,мектебі қайда орналасқанын айта алуға үйрету.Балалардың бір-бірімен жақын танысуына көмектесіп, психологиялық жағдай жасау.Адамдарға тұрғын үй,баспананың қажеттілігі туралы түсінік беру,үйдің қандай материалдардан жасалатынымен таныстыру. Туған өлкеге, үйіне, көшесіне,балабақшасы	4. 1.Орыс тілі Тема: Ввести в активный словарь названия частей тела человека. Формировать сознательное отношение к своему здоровью. Научить детей понимать термины <i>гласный</i> звук, <i>согласный</i> звук Учить видеть связь между необходимостью соблюдения правил гигиены, режима дня и возможными заболеваниями. Продолжать учить детей выражать просьбу о разрешении, используя конструкцию модальный глагол + неопределенная форма глагола, а в ответ на просьбу кратко выразить разрешение или запрет. Фонетическое упражнение на произношение звуков <i>ч-ш</i>, «пропевка» 2.Өзін – өзі тану «Мен қандай баламын » Әр баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру Қыз бала менің ұл баланың ерекшеліктері	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ғ дыбысы «Ғ дыбысы мен әрпі» Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру; Ғдыбысы және онын таңбасымен таныстыру. Дыбыстын негізгі ерекшеліктерімен таныстыру Дыбыстың айту артикуляциясын дұрыс дыбыстап айта білу қабілеттерін дамыту. Ғ дыбысы бар сөздерді атату; дыбыстын сөзде орналасуын анықтай білу қабілеттерін дамыту Дидактикалық ойын: «Ғ» дыбысы бар суретті тап» 2.Мүсіндеу. «Кесе» Балаларды затқа қарап пішіні таныс заттарды мүсіндей білуге үйрету. Қол бөліктер мен саусақтардың дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып мүсін жасай білу қабілеттерін дамыту. 3.Дене шынықтыру Тігінен қойылған нысанаға доп лақтыру (2 м).Гимнастикалық орындық үстінде отырып,тұрып 50-60 см қашықтықты «жұлдызқұрт» тәрізді башпайларын жиырып жүру.
--	---	---	---	--	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы

Серуен	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян». Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар: 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Мақсаты: Балалардың	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлиарды ажырату. Еңбек: Ауладағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшандыққа баулу. Қимылдық ойын: «Соқыр теке». Балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар: 1. Өткіншек тебу. 2. сырғанау	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: «Орамал тастау». Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар: 1. «Желмен жарысайық»	Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Қимылдық ойын: «Монданақ». Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар: 1. Орта доп 2. Өткеншек тебу 3. Қуаласпақ Мақсаты: Балалардың ептілігін, шапшандығын дамыту	Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылдық ойын: «Итеріспек» Балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3. Допты қуалау. Мақсаты: Балалардың ептілігін, шапшандығын дамыту
--------	---	--	--	---	--

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анан, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Баяу әуенмен ұйқы	Ертегі оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	. «Жел» жаттығуы Жел бетімізге соғады, Ағаш тербетіледі, Жел саябырсыды, Ағаш болса – бойын көтереді. (Балалар денелерін әрі-бері қозғап, жел ырғағын елестеді. «саябырсыды» сөзіне – отырады, «бойын көтереді» - түзеу тұрады)	. «Сүйікті мұрын» дем алу гимнастикасы Ал, қазір, көп кешікпей, Жаттығуларды жаттаймыз, Оны, достар, ұмытпаңдар, Жиі-жиі қайталаңдар. Өз мұрныңды қанаттарынан – кеңірсекке қарай сипау - дем алу, кейін – дем шығару. (5 рет)	Керуетте керілу Көздерге арналған жаттығулар Б.қ. - көздерін жұму (10-15 сек.). көздерін ашу. 2-3 рет қайталау. Басын көтермей, жоғарыға-төменге, оңға-солға қарау. 3 рет қайталау.	Тізені жоғары көтеріп жүру Әтеш, әтеш, әтеш-ай, басындағы айдарын-ай, Аяқтарын керіліп басып, қанаттарын керіліп қайырады, Керіліп аулада жүріп, «кукарекуін» айтады Аяқтарын керіліп басады, құс болса да –	Беті қолдарын, мойындарын сумен жуу, қол бұлшық еттерін сумен жуу, ояну процедуралары
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				

Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сиқырлы әріптер» Тақырыбы: «Ғ» дыбысы мен әрпі, «Ғ» дыбысын жазу Мақсаты: Балаларды өздері туралы білуге үйрету. «Кіммін?» деген сұраққа толық жауап беру қабылеттерін дамыту.«Ғ» әрпін жазу кезінде дәптерлерін ыңғайлы ұстауға үйрету.	Сюжеттік ойын: «Асхана» Мақсаты: Балалардың асханадағы ыдыстармен, тамақ пісіру тәртіптерімен таныстыру.	Вариативтік компонент «Ойна да, ойлан» Тақырыбы: «Алтын күз» Таяқшалар Ойын: «Әдемі өрнек» (жеке ойын) Мақсаты: Балаларға таяқшаларды түстеріне, санына, көлеміне қарай таңдай білуді, үлгіге қарай өрнек құрастыруды үйрету. Логикалық ойлау процестерін дамыту. Ептілікке, ұқыптылыққа	Ұжымдық үстел үсті ойыны: Пазылдарды құрастыру Мақсаты: Балаларға аңғарымпаздықпен пазлдарды өз орнымен құрастыруға дағдыландыру.	Вариативтіккомпонент: «Кел билейік!»
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	АсыКәусарға дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру «К», «Т» дыбыстарын шатастырмай айтуға үйрету Мақсаты:	Томириске заттарды топтастыра алуды меңгерту. Мақсаты:	Айсұлтанға қайшымен жұмыс жасап үйрету Мақсаты:	Алиге қарапайым дөңгелек шаршы, төртбұрыштарды дұрыс салуға үйрету Мақсаты:	Төреханмен «Ғ» дыбысы бар сөздер айтқызу Мақсаты:
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

2021-2022 оқу жылы, Қараша айының ІІ-ші аптасы 08-12- і аралығындағы циклограммасы

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: « Дені саудың жаны сау»

Апта тақырыбы: «Дұрыс тамақтану, дәрумендер»

Мақсаты: Балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

-Негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байыту, Жеке гигиенаны сақтау дағдыларын кеңейтуге ықпал ететін жағдаяттарды ұйымдастыру, салауатты өмір салтын сақтай білулерін дамыту.

-Күн тәртібі, ертеңгілік жаттығудың денсаулыққа тигізетін пайдасы туралы мағлұмат беріп, сақтай білуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	11.11.2021	Жұма 12.11.2021
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу					
Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру					
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Саусақ ойындары «Салат» Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпенүгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді) Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді) Мақсаты: Балаларға	Өлең жолдарын жаттау «Дәрумендер» Мынау – жүзім, жаным, Сөлі балдай шырын. Тәттілігін біледі, Ара менен шыбын. Мақсаты: Балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, білімдерін кеңейту	Дидактикалық ойындар «Не артық» Мақсаты: Балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, білімдерін кеңейту; олардың дене дамуына қосатын үлестері туралы айту, адамға күш-қуат беретіндігін түсіндіру. Жемістер мен көкөністерде қандай дәрумендер болатынын жөнінде айту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Дәрумендер туралы тақпақтар Мен алмамын,алмамын, Денсаулыққа пайдамын, Сусынымды ішсеңіз, Көп ауруды жазамын. -Балалар алмада D дәрумені бар. Ол ағашта өседі. Алманы жуып жеу керек. Мақсаты: Балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, білімдерін кеңейту	Өлең жолдарын оқу Мынау -өрік, күнім. Ерте ашар гүлін, Қара өрік, сары өрік, Ектім екі түрін. Мақсаты: Балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, білімдерін кеңейту	
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №5 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)					

Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда, Әумин.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Әңгімелесу: «Мен қандаймын?» тақырыбында балалармен әңгімелесу	Үстел үсті ойыны «Қиылған суретті құрастыр» Мақсаты: балаларға берілген суреттердің	Дидактикалық ойын «Жемістер мен көкөністерді ажырат»	Үстел үсті ойыны «Артығын тап» Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту	Үстел-үсті ойыны: «Реттілігін анықта» Мақсаты: Балалардың аңғарымпаздығын дамыту

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сауат ашу негіздері Сауат ашу негіздері(1) Тақырыбы: Ғ дыбысы Ғ дыбыс пен әріп туралы түсінік беру; Ғ дыбысы және оның таңбасымен таныстыру. Дыбыстың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру Дыбыстың айту артикуляциясын дұрыс дыбыстап айта білу қабілеттерін дамыту. Ғ дыбысы бар сөздерді атату; дыбыстың сөзде орналасуын анықтай білу қабілеттерін дамыту Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла», «Ғ» дыбысы бар суретті тап» 2.Математика негіздері Тақырыбы: «Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш» Балаларды сопақша, төртбұрыш (шаршы және тіктөртбұрыш) туралы түсінік беру, заттардың пішінін анықтап, оларды пішінін басқа заттармен салыстыруды үйрету, заттарды түсіне, пішіні мен көлеміне қарай	1.Өзін-өзі тану «Табиғат әлемі.» Балаларды табиғатты сүйуге, қорғауға, аялауға үйрету. Табиғат адамның бір бөлігі екенін түсіндіру. Табиғатсыз адам, адамсыз табиғат өмір сүре алмайтынына көз жеткізу. «Қоршаған орта- біздің байлығымыз» деген ұғымды бойларына сіңіру. Дидактикалық ойын: «Табиғатқа ненің зияны тиеді?» 6. 7. 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жомарт күздің бау-бақшадағы өнімдері» Бау-бақша туралы әңгімелеу, жұмбақ шешкізу,күздің белгілерін білуді жалғастыру, балабақша ауласындағы ағаш-тардың атауларын біліп ажыратуға үйрету.Табиғи көріністің көркін байқай білу.Жемістер-мен көкөністер жайлы білім-дерін бекіту.Денсаулықтың маңыздылығын түсінуге үйрету,дәруменге мол тағамдар арқылы денсаулықтарын сақтап,нығайтуға дағдыландыру.Сөз қорларын молайтып, байыту. Дидактикалық ойын: «Бақшада ма, бақта ма?»	10. 1. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Мақтаңыз бен мысық» Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп, сахналау балаларды кішіпейілділікке, мейірімділікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Сурет бойынша қысқаша әңгімеле!» 2.Жаратылыстану «Дәруменнің пайдасы» Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы жөнінде әңгімелеу. Жеміс-жидектерді тазалап жеу керек, кеңестер беру, дидактикалық ойындар арқылы баланың ой өрісін жеткізу. Тазалыққа тәрбиелеу. Көкөністер мен жемістердің қию әдістерін пайдалана отырып жапсыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Сөздік қорларын дамыту. Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністерді сәбеттерге бөліп салу»	5. 1.Орыс тілі Ввести в активный словарь детей новые слова – названия некоторых фруктов, овощей, огородных культур, названия действия людей, связанных с посадкой и сбором урожая. Ввести в активный словарь слова <i>витамины, полезно</i>. Закрепить навык согласования прилагательных и числительных с существительными на материале вновь введенной лексики. Учить составлять описательный рассказ, называя предмет, его количество, размер, цвет, вкусовое качество. Фонетическая игра – рифмовки. 2. Құрастыру «Жүк машиналары.» Құрастыру материалдарымен жұмыс жасауды жалғастыру және жүк машинасын құрастыруды үйрету,құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.Құрастыруға арналған материалдарды дұрыс пайдалана білуге жаттықтыру. Жүк машиналарын өз беттерінше құрастырту арқылы шығармашылық жұмысқа баулу.	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ғ дыбысы «Ғ дыбысы мен әрпі» Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру; Ғ дыбысы және оның таңбасымен таныстыру. Дыбыстың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру Дыбыстың айту артикуляциясын дұрыс дыбыстап айта білу қабілеттерін дамыту. Ғ дыбысы бар сөздерді атату; дыбыстың сөзде орналасуын анықтай білу қабілеттерін дамыту Дидактикалық ойын: «Ғ» дыбысы бар суретті тап» 2. Қауіпсіз мінез құлық негіздері. «Тамақтану мәдениеті» «Тамақтану» түсінігінің маңызын ашу. Бала денсаулығын нығайту дәрумендердің рөлін көрсету. Ас қорыту ағзаларымен таныстыру. Тапсырмалар орындата отырып, балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Салауатты өмір салтын ұстануға, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу. 3.Музыка Тақырыбы: Музыканы ырғағына қарай би элементтерін өздігінен
--	---	---	---	--	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы

Серуен	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Үлкендердің еңбегін бағалау» Мақсаты:Аула, ойын алаңының тазалығын сақтау Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты:Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: «Орамал тастау» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Дербес ойындар: 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім» (құрастыру)	Бақылау:Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиларды ажырату. Еңбек:Ағаш жапырақтарын жинау Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Соқыр теке». Дербес ойындар: 1.Әткіншектебу. 2. сырғанау	Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: « Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қойы молайту. Қимылдық ойын: « Ак қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» . Дербес ойындар: «Тәтті тоқаштар» пісірейік «Менің қалам»	Бақылау:Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты:Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпақ: «Құстар қайтып барады». Мақсаты:Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету. Қимылдық ойын: «Сымсыз телефон». Ойын барысы: Балалар сап түзеп	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек:Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты:Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.
--------	--	---	--	---	--

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Баяу әуенмен ұйқы	Ертегі оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	. «Жел» жаттығуы Жел бетімізге соғады, Ағаш тербетіледі, Жел саябырсиды, Ағаш болса – бойын көтереді. (Балалар денелерін әрі-бері қозғап, жел ырғағын елестеді. «саябырсиды» сөзіне – отырады, «бойын көтереді» - түзеу тұрады)	. «Сүйікті мұрын» дем алу гимнастикасы Ал, қазір, көп кешікпей, Жаттығуларды жаттаймыз, Оны, достар, ұмытпаңдар, Жиі-жиі қайталаңдар. Өз мұрныңды қанаттарынан – кеңірсекке қарай сипау - дем алу, кейін – дем	Керуетте керілу Көздерге арналған жаттығулар Б.қ. - көздерін жұму (10-15 сек.). көздерін ашу. 2-3 рет қайталау. Басын көтермей, жоғарыға-төменге, оңға-солға қарау. 3 рет қайталау.	Тізені жоғары көтеріп жүру Әтеш, әтеш, әтеш-ай, басындағы аядарын-ай, Аяқтарын керіліп басып, қанаттарын керіліп қайырады, Керіліп аулада жүріп, «кукарекуін» айтады Аяқтарын керіліп басады, құс болса да – ұшпайды.	Беті қолдарын, мойындарын сумен жуу, қол бұлшық еттерін сумен жуу, ояну процедуралары
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				

Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сықырлы әріптер» Тақырыбы: «Ғ» дыбысы мен әрпі, «Ғ» дыбысын жазу Мақсаты: Балаларды өздері туралы білуге үйрету. «Кіммін?» деген сұраққа толық жауап беру қабылеттерін дамыту.«Ғ» әрпін жазу кезінде дәптерлерін ыңғайлы ұстауға үйрету.	Сюжеттік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Балалардың дәрігер туралы оған керекті құралдар туралы білімін жетілдіру	Вариативтік компонент «Ойна да, ойлан» Тақырыбы: «Сәулетші» Ойын: «Тіктөртбұрыштар» (топтық ойын) Мақсаты: Балаларға үлгіге сәйкес тақтайшаларды қырымен қою арқылы, түрлі тіктөртбұрыштар құрастыруды үйрету. Қабылдау, есте сақтау процестерін дамыту.	Ұжымдық үстел үсті ойыны: Пазылдарды құрастыру Мақсаты: Балаларға аңғарымпаздықпен пазлдарды өз орнымен құрастыруға дағдыландыру.	Вариативтік бөлім: «Кел билейік!» Хориограф маманның жылдық жұмыс жоспарына
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Әлиге «Ғ» дыбысына сөз ойлап, айтқызу	Төребекке пішіндерді дұрыс ажыратуды пысықтау	Ф а р и з а ғ а қ а й ш ы м е н жұмыс жасап үйрету	Алиге қарапайым дөңгелек шаршы, төртбұрыштарды дұрыс салуға үйрету	Махсудқа «Ғ» дыбысы бар сөздер айтқызу
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

2021-2022 оқу жылы, Қараша айының ІІІ -ші аптасы 15-19- ы аралығындағы циклограммасы

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: « Дені саудың жаны сау»

Апта тақырыбы: « Өзіңе және өзгелерге көмектес.»

Мақсаты: Балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

-Негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байыту, Жеке гигиенаны сақтау дағдыларын кеңейтуге ықпал ететін жағдаяттарды ұйымдастыру,салауатты өмір салтын сақтай білулерін дамыту.

-Күн тәртібі, ертеңгілік жаттығудың денсаулыққа тигізетін пайдасы туралы мағлұмат беріп, сақтай білуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.11.2021	Сейсенбі 16.11.2021	Сәрсенбі 17.11.2021	Бейсенбі 18.11.2021	Жұма 19.11.2021
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу				
Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				

Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Логикалық есеп Үйге кірді Алдияр, Оған қоса Мадияр, Кейін келді Айдана, Қанша болды бар бала?	«Жоғалған зат» ойыны. Ойын барысы : Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады.	Ойын: «Спорт-лото» Мақсаты: Балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру.	«Күзгі жапырақтар» Саусақтарым қыдырып (Саусақтарды ашып-жұму) Жапырақтар жинады. (Жерден жапырақ жинағандай қимыл көрсету) Қызыл сары жапырақ (Жапырақ теру) 1,2,3,4,5 (Барлық саусақты біртіндеп біріктіру) Біз нешеуін жинадық? (Алақанды жайып көрсету) Күзгі жапырақтармен (Саусақ ұштарын айналдыру) Біз көңілді биледік.	«Қанеки, есіңе түсір!» Балаларға сұрақтар қойылады. Мысалы: «Бұл ғимаратта неше қабат бар?», «Дәліздегі перделердің түсі қандай?» «Бүгін Мәди не киіп келді?» т.б. Бәріне нақты жауап берген бала жеңімпаз атанады. Мақсаты: Бұл ойын бір жағынан баланың зейіні, аңғарымпаздығын, есте сақтау процестерін дамытады.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №6 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анан, Әрқашан болсын қасыңда, Әумин.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Өткен дыбыстарды еске түсірейік, қайталау.	Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдерін ажырат» Мақсаты: Балалардың есте сақтау, қиялдау процестерін дамыту	Дидактикалық ойын: «Реттілігін анықта!» Мақсаты: Балалардың ойлау, қиялдау процестерін дамыту	Достық туралы әңгімелеу Мақсаты: Досын барма? Аты кім?т.с.с. Сұрақтар қою арқылы байланыстырып сөйлеу	Дидактикалық ойын: «Суреті арқылы сөйлем құра» Екі-үш сөзден тұратын сөйлем құрап үйрену

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1. Сауат ашу негіздері «Р дыбысы мен әрпі» Өткен дыбыстарды еске түсіре отырып, есте сақтап ойлау қабілет терін дамыту. Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, Р дыбысы және оның таңбасымен таныстыру. Дыбыстың негізгі ерекшеліктері мен таныстыру. Дыбыстың айту артикуляциясын дұрыс дыбыстап айта білу қабілеттерін дамыту. Р дыбысы бар сөздерді атату, дыбыстың сөзде орналасуын анықтай білу қабілеттерін дамыту. Сөйлем құрастырып айта білу дағдыларын қалыптастыру, қолдарын жазуға дайындау. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Суреттегі заттарды ата. Егер сөздер дауысты дыбыстан басталса, суреттің жанына қызыл, дауыссыз дыбыстан басталса көк дөңгелекті жапсыр немесе боя» 2. Математика негіздері. «Дөңгелек және...	1. Қоршаған ортамен танысу. «Табиғат маусымындағы өзгерістер» Жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. Балаларды маусымдық табиғатпен таныстыру. Серуен уақытында табиғат көріністерін тамашалау. Маусымдық өзгерістерді бақылау. Қызығушылығы мен дамытушылығын арттыру. Табиғат туралы түсініктерін кеңейту. Адам өміріне қажетті жағдайлар туралы білімдерін қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Маусымдық өзгерістерді ажырат» 2. Сөйлеуді дамыту. «Ағаштар неге ашуланды?» ертегісі Өткен ертегілерді естеріне түсіру және аттарын атай білуге үйрету. Әңгіме мен ертегінің айырмашылығын ұғындыру, мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорларын молайту, диалогты сөйлеуге төселдіру. Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету, жақын маңдағы өсімдіктердің аттарын білу, құрылымы және оларды күтіп баптау, табиғаттағы қажеттілігі, және қоршаған ортадағы заңдылықтарын ажырата білуге үйрету. Адамдар...	1. Көркем әдебиет «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі Ертегіні балаларға тыңдата отырып, Қарлығаш адамға дос құс екенін, Дәуіттің адалдығын балаларға түсіндіру. Балаларды бір-біріне көмектесуге, қиналған кезде жәрдем беруге үйрету. Бір-біріне өмірде қол ұшын беріп көмектесу керек екенін көркем шығарма арқылы түсінік беру. Шығарманың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға үйрету. 2. Жаратылыстану «Ас атасы-нан» Егін науқанына дайындық: егін алқабын жырту, бидай тұқымын себу, нанның дастарханға қалай келетіні туралы түсінік беру; дихан, наубайшы еңбегімен таныстыру, олардың еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Ұннан дайындалған азық-түлікті қарындашпен қоршап сыз» 3. Жапсыру «Жемістер» Қайшымен жұмыс істеу дағдыларын арттыру, домалақ және сәлем...	1. Орыс тілі Сформировать у дошкольников понятия <i>добро, зло, хорошо, плохо</i>; формировать навыки и умения подбирать синонимы к словам, активизировать употребление частицы <i>не</i>. Закреплять навык словообразования. Продолжать учить рассуждать, высказывать свое мнение, расширяя и обогащая словарный запас дошкольников. Ввести в активную речь детей новые слова; научить понимать вопрос <i>Что у тебя болит?</i> и давать на него ответ в развернутой форме. 2. Өзін – өзі тану «Достық көмек.» Балаларды өз-өзіне, адамдарға, әлемге деген рухани адамгершілік қатынас дағдыларын қалыптастыру. Қарым қатынас қуанышын сезінуге үйрету. Жаққсы мен жаман әрекеттерді ажыратулары. «Достық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, достық көмек туралы түсінік беру; Өзара жағымды қарым-қатынастарын дамыту; Бірін – бірі сыйлауға,	1. Сауат ашу негіздері «Р дыбысы мен әрпі» Өткен дыбыстарды еске түсіре отырып, есте сақтап ойлау қабілет терін дамыту. Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, Р дыбысы және оның таңбасымен таныстыру. Дыбыстың негізгі ерекшеліктері мен таныстыру. Дыбыстың айту артикуляциясын дұрыс дыбыстап айта білу қабілеттерін дамыту. Р дыбысы бар сөздерді атату, дыбыстың сөзде орналасуын анықтай білу қабілеттерін дамыту. Сөйлем құрастырып айта білу дағдыларын қалыптастыру, қолдарын жазуға дайындау. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Сызба бойынша сөйлем құра» 2. Мүсіндеу «Алма мен алмұрт» Балаларды пішінді мүсіндеуге таныс әдістерді қолдана білуге баулу, балаларды табиғатты сүйеге, сезіне білуге тәрбиелеу, бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерін анықтай білу қабілеттерін дамыту.
--	--	---	---	--	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту

Серуен	Құстарға бақылау Мақсаты: Балаларға құстар туралы білімдерін бекіту. Құстардың дене пішіндерін айта білуге үйрету. Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Құстарға қамқор бола білуге баулу. Көркем сөз Құстар бейне жастардай Тұра алмайды ән салмай. Боз ала таңда боз торғай Қоя алмайды қарсы алмай. Мысал сұрақтар: - Қандай құстарды білесіңдер? - Құстарды біз қандай досымыз дейміз? - Неге күзде кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді? - Қыстап қалған құстарға қандай қамқорлық жасауымыз керек? - Құстардың адамға пайдасы бар ма? Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты: Ойыншықтар ын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпақ: «Құстар қайтып барады». Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.	Күзгі ағаштарға бақылау. Мақсаты: Балалардың ағаш туралы білімдерін бекіту. Сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын, ой-өрісін дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем сөз Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болар еңбек еткенің. Келмесе шамаң екенге, Сындырма жұрттың еккенін Мысал сұрақтар: -Қазір жылдың қай мезгілі? -Ағаштардың жапырақтарының түсі қандай? -Неге күзді Алтын күз деп атайды? -Неге күзде жапырақтар жерге түседі? Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Еркін ойындар	Аула тазалаушының еңбегіне бақылау. Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға шақыру. Көркем сөз Қамымызды ойлайды Тазалайды, жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Мысал сұрақтар: -Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. -Ол кісінің қолында қандай құралдар бар. -Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? -Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гүілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Балалардың өз бетінше	Күзгі табиғатқа бақылау. Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысымен таныстыру. Күзгі табиғат әсемдігінен ләззат ала білуге баулу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Көркем сөз Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді Мысал сұрақтар - Қазір қай жыл мезгілі? - Күзде неше ай бар? - Қазір қай ай? - Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? - Неге алтын күз, жомарт күз, қара күз деп атайды? Еңбек: «Таза алаң» Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. Жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері» Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. Қимылдық ойын: «Көрші». Мақсаты: Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. Балалардың өз бетінше	Жерде жатқан жапырақтарға бақылау. Мақсаты: Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын молайту. Ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру. Табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жұмбақ Ағайынды бәрі Шықса жасыл Түссе сары (жапырақ) Мысал сұрақтар - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Жерде нелер жатыр? - Жапырақтың түсі неге ұқсайды? - Жапырақтар неліктен көктемде шығып, күзде түседі? - Жапырақтан не жасауға болады? Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гүілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Балалардың өз бетінше
--------	---	---	--	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асына, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анан, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Баяу әуенмен ұйқы	Ертегі оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	А) Керуетте керілу Б.қ: шалқасынан жатып, қолдары дене бойында. Қолдарын жоғары көтеріп, керілу, б.қ. 6 рет. Ә) «Демаламыз» жаттығуы Б.қ: шынтаққа сүйеніп, ішпен жату, алақандарымен иегін ұқыпты ұстау.	«Бой сергіту» жаттығуы Кәне бірге тұрайық, қолымызды созайық Ұқсап жираф мойнына созып-созып алайық Қолды белге салайық, оң жаққа бір қарайық, сол жаққа бір қарайық, Бір отырып, бір тұрып, тынығып бір алайық	«Қызықты доп» демалу жаттығуы Б.қ.: тігінен тұрып, аяқтарын керіп тұру. Қолдарын елестеткен доппен кеудеге қарай көтеру, дем алып, «допты» кеудеден алға қарай лақтыру, дем шығарарда "у-х-х-х" деп айту. (5 рет)	Дыбыс терапиясы. "И" – қолқаны, құлақтарды қозғалысқа келтіреді, есту қабілетін жақсартады. "В" – жүйке жүйесіндегі, бас, арқа миындағы кемшіліктерді түзейді.	"Әтеш". Б.қ.: аяқтарын сәл керіп тұру, қолдары дене бойында. 1 – қолдарын екі жаққа көтеру (дем алу), 2 – қолдарымен сандарынан соғып, "ку-ка-ре-ку" деп айту (дем шығару) - 5-6 рет.
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				

Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сикырлы әріптер» «Р» дыбысы, әрпі «Р» әрібін жазу Мақсаты: Егін науқанына дайындық: егін алқабын жырту, бидай тұқымын себу, нанның дастарханға қалай келетіні туралы түсінік беру. «Р» дыбысымен, әрпімен таныстыруды жалғастыру. «Р» әрпін дәптерге жазу арқылы дағдыландыру.	Желілі-мазмұнды ойын: «Гараж», «Жүргізушілер» Мақсаты: Балаларды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын-ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, түрлі заттарды қолдануға үйрету. Автоинспектордың, жүргізушінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Вариативтік компонент «Ойна да, ойлан» Ақылды текшелер Ойын: «Түймелер» (топтық ойын) Мақсаты: Тізбектерді жалғастыруға керекті текшелерді таңдауды, текшелердегі түйме сандарын сәйкестендіріп, тізбекті жалғастыруды үйрету.	Желілі-мазмұнды ойын: «Аспазшы» Мақсаты: Азық-түлік өнеркәсібі қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға рөлді бөлуге және орындауға көмектесу. Қоршаған орта туралы алған білімдерін ойын барысында қолдануға ықпал ету.	Вариативтік бөлім: «Кел билейік!» Хориограф маманның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес
Баланың жеке картасына сәйкес жеке	Кәусарға «Р» дыбысына сөз ойлап айтқызу	Айнаға пішіндерді дұрыс ажыратуды пысықтау	Ясминге қайшымен жұмыс жасап үйрету	Әлиге балалармен дос болуды, достық туралы әңгімелесу	«Р» дыбысы бар сөзден сөйлем құрап үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

2021-2022 оқу жылы, Қараша айының IV -ші аптасы 22-26- ы аралығындағы циклограммасы

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: « Дені саудың жаны сау»

Апта тақырыбы: **«Біз күштіміз, ептіміз!»**

Мақсаты: Балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

-Негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байыту, Жеке гигиенаны сақтау дағдыларын кенейтуге ықпал ететін жағдаяттарды ұйымдастыру, салауатты өмір салтын сақтай білулерін дамыту.

-Күн тәртібі, ертеңгілік жаттығудың денсаулыққа тигізетін пайдасы туралы мағлұмат беріп, сақтай білуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.11.2021	Сейсенбі 23.11.2021	Сәрсенбі 24.11.2021	Бейсенбі 25.11.2021	Жұма 26.11.2021
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу				
Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Ол қандай? Осы ойынның көмегімен көлем, форма, түс туралы білімдері және оларды нақты заттармен байланыстыра білу дағдылары бекітіледі. Қажетті құрал: геометриялық формаларға ұқсас кез келген заттар (доп, кітап, орамал т.б.). Педагог затты балаларға көрсете отырып, оның сипаттамасын беруді сұрайды: «Ол қандай?». Мысалы, доп дөңгелек, жеңіл, кішкентай, сары т.б. Ойынның екінші сатысы—күрделірек	Саусақ ойыны «Моншақ». Қызыл-сары көк моншақ, Мен жасаймын көп моншақ. Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сақсаусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларлы тізбектеп қатарға тізе бастайды. Қиымылмен моншақ пішінін жасайды. Екі қолмен қатар жасай отырып, саусақтарды тізбектейді.	Жұмбақ жасыру: Жаңылмастан жетеуі, Кезек қызмет етеді. (Аптаның 7 күні) Екі құлағы бар, Бір бұлағы бар. (Самаурын) Екі пышақ бірлесіп, Кесіп пішіп береді. Екеуі бір жүрмесе, Жоқ қой бізге керегі (Қайшы)	«Күзгі жапырақтар» Саусақтарым қыдырып (Саусақтарды ашып-жұму) Жапырақтар жинады. (Жерден жапырақ жинағандай қимыл көрсету) Қызыл сары жапырақ (Жапырақ теру) 1,2,3,4,5 (Барлық саусақты біртіндеп біріктіру) Біз нешеуін жинадық? (Алақанды жайып көрсету) Күзгі жапырақтармен (Саусақ ұштарын айналдыру) Біз көңілді биледік.	«Әдемі жазу» Қолға қалам аламыз, <i>Қолға ойша қалам алу</i> Дәптерімізді ашамыз <i>Дәптер ашу</i> Ұзын жолға әріптер <i>Қолды жоғары-төмен сермеу</i> Әдемі етіп саламыз. <i>Әріп салу</i> Талып қалды қолымыз <i>Қолды сілкілеу</i> Аз ғана дем аламыз, <i>Саусақтарды айқастыру</i> Көркем етіп жазамыз. <i>Жазу</i>
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №6 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анан, Әрқашан болсын қасыңда, Әумин.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Өткен дыбыстарды еске түсірейік, қайталау.	Дидактикалық ойын: «Спорт құралдарын тауып көрсет!»	Дидактикалық ойын: «Қиылған суретті дұрыс құрастыр!»	Дидактикалық ойын: «Реттілігін анықта!» Жыл мезгілі	Дидактикалық ойын: «Суреті арқылы сөйлем құра» Екі-үш сөзден тұратын сөйлем құрап үйрену

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1. Сауат ашу негіздері «Р дыбысы мен әрпі» «Р дыбысы мен әрпі» Өткен дыбыстарды еске түсіре отырып, есте сақтап ойлау қабілет терін дамыту. Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, Р дыбысы және оның таңбасымен таныстыру. Дыбыстың негізгі ерекшеліктері мен таныстыру. Дыбыстың айту артикуляциясын дурыс дыбыстап айта білу қабілеттерін дамыту. Р дыбысы бар сөздерді атату, дыбыстың сөзде орналасуын анықтай білу қабілеттерін дамыту. Сөйлем құрастырып айта білу дағдыларын қалыптастыру, қолдарын жазуға дайындау. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Суреттегі заттарды ата. Олардың ішінен «Р» дыбысы кездесетін сөздерді тауып боя» 2. Математика негіздері	1.Өзін-өзі тану «Мен қандай баламын» Қыз бала мене ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру; өзара жағымды қарым – қатынас жасауға тәрбиелеу. Балаларды өз-өзіне, адамдарға, әлемге деген рухани адамгершілік қатынас дағдыларын қалыптастыру. Қарым қатынас қуанышын сезінуге үйрету. Жақсы мен жаман әрекеттерді ажыратулары. Дидактикалық ойын: «Кімге тиесілі?» 2.Сөйлеуді дамыту . «Спорт дегеніміз не? Қандай спорт түрлерін білесіңдер?» (суретпен әңгімелету) Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Сурет бойынша қысқаша әңгіме құрастырып айта білу дағдыларына үйрету. Спорт түрлерін танып атай білу қабілеттерін дамыту. Қоршаған орта жайлы білімдерін, ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорларын байыту және дамыту. Қазақстанның атақты спортшыларымен таныстыру. «Дені саудың – жаны сау» болатындығына түсінік бере отырып, спорт түрлерімен міндетті түрде айналысу керектігіне түсінік беру Дидактикалық ойын: «Спортшының ойын	1.Көркем әдебиет «Әке мен бала» Әңгімені балаларға түсіндіру, кейіпкерлерімен таныстыру. Сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, еңбекті бағалап, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Шығарманың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Еңбек етуге, еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу. Әңгімелеу: Сурет бойынша әңгімеле 2.Жаратылыстану «Нан дастарханға қалай келеді?» Мәтінді оқып тәрбиелік мәнін түсіндіру. Бидай туралы әңгіме құрастыру. Еңбек жайында мақалдар мен тақпақ, жұмбақтар шештіріп үйрету. Теледидардан иллюстрациялар көрсетіп білімдерін кеңейту. Бидай туралы түсініктерін кеңейту. Нан дастарханға қалай келді? Қандай еңбекпен келетіндігі туралы түсінік беру. Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу. Бидай өсіру мен нан өндіруге қатынастын адамдардың еңбегіне қандай күш қуат керектігін түсіндіре отырып, еңбектеріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Ұннан дайындалған азық-түлікті қарындашпен	1. Орыс тілі Продолжать работу по развитию речи, учить детей составлять рассказы на заданную и вольную темы, подбирая слова выразить предшествующие и последующие события. Научить детей предлагать одному или нескольким лицам совместные действия в различных ситуациях с помощью конструкции <i>давайте</i> + неопределенная форма глагола, научить рассказывать о своих спортивных занятиях, используя новую лексику. Закрепить навык правильного употребления склоняемых глаголов. Активизировать пройденную лексику и речевые конструкции. 2. Құрастыру «Үй» Құрылыс материал бөлшектерімен жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру. Құралыс материал дарынан үй құрастыра білуге жаттықтыру, қажетті құрылыс материалдарын таңдай білуге үйрету, құрастыру	Сауат ашу негіздері «Р дыбысы мен әрпі» Өткен дыбыстарды еске түсіре отырып, есте сақтап ойлау қабілет терін дамыту. Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, Р дыбысы және оның таңбасымен таныстыру. Дыбыстың негізгі ерекшеліктері мен таныстыру. Дыбыстың айту артикуляциясын дурыс дыбыстап айта білу қабілеттерін дамыту. Р дыбысы бар сөздерді атату, дыбыстың сөзде орналасуын анықтай білу қабілеттерін дамыту. Сөйлем құрастырып айта білу дағдыларын қалыптастыру, қолдарын жазуға дайындау. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Сызба бойынша сөйлем құра» 2. Қауіпсіз мінез құлық негіздері «Спорт- денсаулық кепілі» Балаларды дене тәрбиесінің маңызымен таныстыру. Дене тәрбиесінің және өміс
--	--	---	--	---	---

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту

Серуен	Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек:Тазалықшының еңбегін бақылау. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: « Алтын күз» тақырыбына әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік коыр молайту. Қимылдық ойын: « Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Еркін ойын: «Ұшты-ұшты»	Бақылау:Жаңбырды бақылау. Мақсаты:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ойын алаңын таза ұстау Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян». Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Сазбалшықтан «тәтті торғтар» құрастырайық.	Бақылау:Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиларды ажырату. Еңбек:Ауладағы жапырақтарды жинау. Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшандыққа баулу. Қимылдық ойын: «Соқыр теке». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелее Дербес ойындар: 1.Әткіншек тебу. 2. сырғанау	Бақылау:Құстардың күзгі тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты:Ойыншықтары н ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпақ: «Құстар қайтып барады». Мақсаты:Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету. Еркін ойын: «Сымсыз телефон».	Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек:Жапырақтард ан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Еркін ойын:
--------	--	---	--	---	--

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асына, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Баяу әуенмен ұйқы	Ертегі оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1. А) Керуette керілу Көздерге арналған жаттығулар Б.қ. - көздерін жұму (10-15 сек.). көздерін ашу. 2-3 рет қайталау. Басын көтермей, жоғарыға-төменге, оңға-солға қарау. 3 рет қайталау. 2. Тізені жсоғары көтерiп жүру Әтеш, әтеш, әтеш-ай, басындағы айдарын-ай, Аяқтарын керіліп басып, қанаттарын керіліп қайырады, Керіліп аулада жүріп, «кукарекуін» айтады Аяқтарын керіліп басады, құс болса да – ұшпайды.	«Қызықты доп» демалу жаттығуы Б.қ.: тігінен тұрып, аяқтарын керіп тұру. Қолдарын елестеткен доппен кеудеге қарай көтеру, дем алып, «допты» кеудеден алға қарай лақтыру, дем шығарарда "у-х-х-х" деп айту. (5 рет)	«Күнге күлімсіре». Б.қ. – аяқтарын сәл керіп тұру, қолдары иықтарында. Оң қолы мен оң аяғын алға қойып, алақаны жоғары қарай, күлімсіреу. Б.қ. кері келу. Дәл осылай екінші аяқ пен екінші қолымен орындау. Б.қ. кері келу. Үш рет қайталау; екпінi бiр қалыпты. <i>Тапсырма:</i> өте зейiндi болу, тапсырманы нақты орындау: оң аяқ пен оң қолымен бiр уақытта қимыл жасау.	«Әтеш» жаттығуы Жағалаумен әтеш жүрді, <i>(Қолдарын арқасында ұстап, жан-жаққа тербетіліп жүреді)</i> Аяқтары тайып кетіп, өзенге – бух-құлап түсті! <i>(Қолдарымен шеңбер түріндегі қимылдар, отырады)</i> Ендігі әтеш біледі, <i>(Саусақтарымен «қорқытады»)</i> Аяқ астына қарау керек екендігін. <i>(Алға қарай еңкейеді)</i>	«Бой сергіту» жаттығуы Кәне бірге тұрайық, қолымызды созайық Ұқсап жираф мойнына созып-созып алайық Қолды белге салайық, оң жаққа бір қарайық, сол жаққа бір қарайық, Бір отырып, бір тұрып, тынығып бір алайық (Балалар мәтін бойынша қимыл жасайды.)
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				

Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сиқырлы әріптер» «Р» әрібін жазу Мақсаты: балаларды дене тәрбиесінің маңызымен таныстыру. «Р» дыбысын дұрыс дыбыстату, білімге деген қызығушылықтарын арттыру. «Р» әрпін жазу.	Желілі-мазмұнды ойын: «Құрылысшы» Мақсаты: Балаларды құрылыстың түрлерімен таныстыру, құрылысқа қолданылатын заттармен таныстыру. Іргетас, қабырға, шатырларымен қалауды үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Вариативтік компонент «Ойна да, ойлан» Тақырыбы: Ақылды текшелер Ойын: «Кәмпит пен саусақтарды санау» (топтық ойын) Мақсаты: Домино ойынының тізбегі бойынша кәмпит түстерін ажыратып, саусақтардың санын санауға және тізбекті жалғастыруға үйрету.	Желілі-мазмұнды ойын: «Гараж», «Жүргізушілер» Мақсаты: Балаларды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын-ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, түрлі заттарды қолдануға үйрету. Автоинспектордың, жүргізушінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Вариативтік бөлім: «Кел билейік!» Хориограф маманның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес
Баланың жеке картасына сәйкес жеке	Әлиге «Р» дыбысына сөз ойлап айтқызу	Айнаға геометриялық денелерді дұрыс ажыратуды пысықтау	Фаризаға қайшымен жұмыс жасап үйрету	Махсудқа мүсіндеудің әдістерін үйрету	Нұралыға «Р» дыбысы бар сөзден сөйлем құрап үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

2021-2022 оқу жылы, желтоқсан айының І -ші аптасы 29.11- 03.12-і аралығындағы циклограммасы

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Апта тақырыбы: «Тарихқа саяхат»

Мақсаты: Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, Балалардың Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Міндеттері:

-Отанымыздың байлығы туралы , жеріміздің үлкендігі туралы мағлұмат беру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

- "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.11.2021	Сейсенбі 30.11.2021	Сәрсенбі 01.12.2021	Бейсенбі 02.12.2021	Жұма 03.12.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен кеңес,	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	«Мөлдір су» Сылдырлайды мөлдір су, <i>Саусақтарды судың ағысына ұқсатып қозғалту.</i> Мөлдір суға қолынды жу. <i>Қол жүгандай әрекет ету.</i> Жуынсаң сен әрдайым <i>Сұқ саусақпен нұсқау</i> Таза бетің, маңдайың <i>Бет, маңдайды ысқылау</i> Тазалықтың досы- <i>Алақанды жаю.</i> Су дегенің осы. Мақсаты: Саусақ жаттығулары арқылы балалардың	Дидактикалық ойын «Біздің ел қандай?» Мақсаты: Балаларды өз елдерімен тереңірек таныстыру. Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды. Ал, балалар жауап береді. Мысалы, Біздің Қазақстан қандай? Біздің Қазақстанның адамдары қандай? Біздің қалалар туралы не білесің?		Дидактикалық ойын «Менің сөзімді жалғастыр!» Мақсаты: Балалардың өз елдерін қалай білетінін тексеру. Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға сөйлемді айтады ,ал балалар жалғастырады. Мысалы, Мен елімді жақсы көремін себебі... Мен Қазақстанда тұратыныма қуанамын, өйткені...,	Дидактикалық ойын «Сен қандай қаланы білесің?» Мақсаты: Балалар сөйлеуге, сөздің қорлаын кеңейтуге үйрету. Ойын шарты: Балалар өздері білетін қаланы сипаттап айтуы керек.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №7 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып әрдайым, Ата-анаң жүрсін қасыңда, Әумин.				

Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Өткен дыбыстарды қайталау. Мақсаты: Өткен дыбыстарды еске түсіріп, қайталау, пысықтау, есте сақтау	Дидактикалық ойын: «Қысқы ойын түрлерін ата!» Мақсаты: Балалардың қыс мезгіліндегі ойын түрлерін білу туралы білімдерін жетілдіру		Дидактикалық ойын: «Қыс мезгілінің ерекшелігін ата!» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін арттыру	Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты: Балаларға өткен дыбыстарға сөз ойлатып, ажырата білуге үйрету
---	--	--	--	--	---

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1. Сауат ашу негіздері «О дыбысы» О дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, дидактикалық тапсырмаларды орындату арқылы балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Балаларға одыбысына мысалдар келтірткізу арқылы олардың сөздік қорларын толықтыру. Дидактикалық ойын: «Орақ», «Орман» сөздеріндегі дыбыстарды анықтау, тиісті дөңгелектерді жапсыр» 2. Математика негіздері. «Кеңістікте бағдарлау» (Үстінде- астында. Ішінде- сыртында Алдында- артында. Оң жақта- сол жақта) Балалардың кеңістікте бағдарлау дағдысын дамыту. Заттардың орналасқан орнын ішінде, үстінде, астында, алдында, артында, жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта ұғымдарын түсіндіру. Танымдық қабілетін жетілдіру. Байқағыштыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Моншақтың суретін сандықшаның сол жағында, оң жағында, ішінде, үстінде, астында болатындай етіп сал»	2. Сөйлеуді дамыту . «Өз елімнің тарихы.» Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, Ту, Әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Олардың бейнесінен әр элементті көре білуге, есте сақтай білуге үйрету. Балаларды отанын сүйуге, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақстан картасымен таныстыру. Картамен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру. Өз ойын анық және нақты айта білуге тәрбиелеу, сөздік қорын молайтып, сөйлеу мәдениетін дамыту. Өздері тұратын қала атын есте сақтау, қайталанбас көрікті орындарымен таныстыру. Туған өлкеге деген мақтаныш сезімдерін ояту, қазба байлықтарымен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Ту мен елтаңбада нелер бейнеленген?» Мақсаты: Балалардың ту мен елтаңбадағы бейнеленген элементтерін білу дағдыларын қалыптастыру. 1. Қоршаған орта «Туған өлкенің табиғаты.» Балалардың туған		1. Орыс тілі Познакомить дошкольников с названиями государственных праздников, приобщать их к казахской национальной праздничной культуре. обучать понимать и использовать в речи русские слова и выражения, четко произносить их с правильным ударением. Ввести в активную речь дошкольников новые слова – символы государства. Воспитывать уважение к символике своей страны. Продолжать формировать умения и навыки монологической и диалогической речи. Фонетическое упражнение на произношение звуков <i>ф</i> – <i>в</i>, слогов со стечением согласных. 2. Өзін-өзі тану «Отанымды сүйемін» Өз Отанын сүйуге тәрбиелеу, Елімізді құрметтеп, қастерлеуге үйрету, туған елге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Балаларды инабаттылыққа, мәдениеттілікке, парасаттылыққа,	1. Сауат ашу негіздері «О дыбысы» О дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, дидактикалық тапсырмаларды орындату арқылы балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Балаларға одыбысына мысалдар келтірткізу арқылы олардың сөздік қорларын толықтыру. Дидактикалық ойын: «Суреттердегі заттарды ата. Сөз дауысты дыбыстан басталса-қызыл, ал дауыссыз дыбыстан басталса-көк дөңгелекті жапсыр» 2. Мүсіндеу «Домбыра.» Балаларды ұлттық аспаптарымызбен таныстыра отырып, домбыраны ермексизден мүсіндей білуге үйрету. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту, еңбекке деген сүйіспеншілікке, қызығушылыққа тәрбиелеу. 3. Дене шынықтыру Арқаннан ұстап ілініп тұру. Табанның ортасынан қысқа таяқшаны алға-артқа
--	---	---	--	---	---

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы

Серуен	Қар үстіндегі іздерді бақылау. Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді? Еңбек : құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. Мақсаты : қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Мақал: Жемберсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда. Көркем сөз: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай) Мақсаты: Балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту Қимылды ойын : «Ақ қоян» Мақсаты : Балаларды ептілікке баулу. Еркін ойындар 1. «Желмен жарысайық»	Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты : балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауғаұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір —біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Еңбек : Ойын алаңын қардан тазалау Мақсаты: Қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Жеке жұмыс : Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады. Мақсаты: Балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту Қимылды ойын: «Ортаға		Қырауды бақылау. Мақсаты : балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Еңбек Ойын алаңын ыңқарын тазалау Мақсаты: Бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс : Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту Қимылды ойын: «Қар үстіндегі машинаның дөңгелегінің ізін жасап ойнау» Мақсаты : Қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Еркін ойындар «Менің қызым жата»	Мұз сүңгісін бақылау. Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету. Еңбек: Ойын алаңының қарын тазалау Мақсаты: Бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев Мақсаты: Балалармен көркем сөз оқу арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру Қимылды ойын : «Үйсіз қалған қоян» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. Еркін ойындар 1. Тығылыспақ 2. Өткеншек тебу. Мақсаты: Балалардың
--------	---	--	--	---	--

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асына, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.		Баяу әуенмен ұйқы	Ертегі оқып беру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: « М дыбысы және әріп таңбасы» Мақсаты: "М" дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. М дыбысын сөз ішінен бөліп айта білу,дауыссыз дыбыс екендігін түсіндіру.Баспа әрпімен таныстыру.Сөйлемдер құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.Оқу қызметі барысында дұрыс оқуға,әдемі,көркем жазуға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты: Балаларға «М» дыбысынан басталатын сөздерді ойлап табу қабілеттілігін арттыру 2.Математика негіздері Тақырыбы: «Тең», «артық», «кем» Мақсаты: «Тең», «артық», «кем» қатынастарын қоя білу, «сан» және «цифр» терминдері туралы білімдерін бекіту, заттарды санау дағдыларын жетілдіру, талдау, қорытындылау дағдыларын дамыту Дидактикалық ойын: «Не артық» Мақсаты: Балаларға аттарды санау	1.Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Отбасылық мерекелер». Мақсаты: Жаңа жыл мейрамын отбасында атап өту туралы түсінік беру, осы арқылы адамгершілік құндылықтарын сіңіру Қимылдық ойын «Көмек» Мақсаты: Балаларға өз отбасында немесе басқа ортада әрқашан өз көмегін беріп, өтіп жатқан шараға етене араласу керектігін түсіндіру. 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ажарлы қыс» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейтіп, сөздік қорын байыту.Қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға баулу.Табиғат көрінісін сипаттап, қызықтарын әңгімелету , Қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға баулу, Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажырата білу. Бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Орнын тап» Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету 3.Сурет салу Тақырыбы: «Қысқы табиғат» Мақсаты: балаларды суреттерінде туған жердің қысқы табиғатын әсерлі етіп көрсете алуға,	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бір уыс мақта» Ы.Алтынсарин. Мақсаты: «Бір уыс мақта» әңгімесінің мазмұнын ашып түсіндіру.Әңгіме арқылы ойын,қиялын дамыту. Әңгіме жанырларын ажыратып,қимыл іс-әрекеті арқылы сахналау.Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу Дидактикалық ойын: «Дұрысын тап» Мақсаты: Баларды ысырапшылықтан аулақ болуға баулу. 2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Қардың пайдасы» Мақсаты: Қар жерді қатты аяздардан, ағаштардың, бұталардың және көп жылдық өсімдіктердің тамырларын тоңып қалудан қорғайтыны, қардан мұз қалашықтар тұрғызуға, шанамен және шаңғымен сырғанауға, қардан мүсіндер жасауға қажет екені туралы түсінік беру. Аймақтық табиғат ерекшеліктеріне тән өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын: «Қар» Мақсаты: Балаларға қар қиыршықтарын үлкейткіш әйнекпен қараған кезде әр түрлі болатын таныстыру.Бірдей қар түйіршіктерін топтастыру	1.Орыс тілі Цель:Продолжать развивать русскую речь детей; учить их составлять рассказы из личного опыта, используя знания полученные на предыдущих занятиях. 2.Құрастыру «Үй» Құрылыс материал бөлшектерімен жұмыс жсауды үйретуді жалғастыру.Құралыс материал дарынан үй құрастыра білуге жаттықтыру, қажетті құрылыс материалдарын таңдай білуге үйрету,құрастыру барысында құрылыс материалдарын оның құрылымына, ерекшелігіне сәйкес кеңістікте орналастыра білу дағдысын қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Салыстырып көрші» Мақсаты: Құрысы менсыртқы өңдеуіне байланыста көшеде орналсқан үйлер алуан түрлі болатындығын түсіндіру. Балалардан олардың үйлері қандай екенін сипаттауды сұрау. 3.Мүсіндеу «Аяз ата мен ақша қара»	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:« Б» дыбысы және әріп таңбасы» Мақсаты: Б дыбысы және әрпімен таныстыру. Б дыбысына сөздер айтып талдау жасап үйрету.Тақырыптық сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту.Оқу қызметі барысында таза,ұқыпты жазуға тәбиелеу. Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты: Балаларға «Б» дыбысынан басталатын сөздерді ойлап табу қабілеттілігін арттыру 2.Қауіпсіз мінез құлық негіздері Тақырыбы: Қауіпсіз мінез құлық негіздері. «Күн,ауа,су біздің ең жақын достарымыз» Мақсаты: Балаларды табиғи факторлардың, алуан түрлі жаттығулардың түрлерімен таныстыру. Мәдени –гигиеналық дағдыларды жетілдіру, салауатты өмір салтын, өз денсаулығын сақтау дағдыларын дамыту.Өз денсаулығына, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр» Мақсаты: балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету 3.Музыка Мақсаты: Өнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын
--	--	---	---	---	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін

Серуен	Бақылау: Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю. Мақсаты: Балаларды қоршаған орта мен өзі өмір сүретінжердің тазалығына мән беріп, қамқорлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. Қимылдық ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау». Мақсаты: балаларды ептілікке тәрбиелеу. Еркін ойындар: Тәрбиешінің басқаруымен балалар қалаған ойындарды ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету	Бақылау: Балабақша ауласының тазалығын бақылау. Мақсаты: тазалыққа, әсемдікке баулу. Еңбек сүйгіштікке, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Еңбек. Телімдегі қағаз және ағаш қалдықтарын жинастыру. Мақсаты: Балаларды қоршаған орта мен өзі өмір сүретінжердің тазалығына мән беріп, қамқорлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: 1-2 балаға балабақша туралы өлеңдерін қайталату, әңгімелету. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. Қимылды ойындар: «Кім шапшаң?» «Ұтып ал» Мақсаты: балаларды ептілікке тәрбиелеу. Мақсаты: Икемділікке баулу. Еркін ойындар: Тәрбиешінің басқаруымен балалар қалаған ойындарды ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен	Бақылау: Аязды күнді бақылау. Мақсаты: Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру. Жұкпалы аурулардың микробтарын өлтіруге аяздың қосар үлесі зор екендігін айту. Еңбек: Ауладағы қарды жинау. Мақсаты: Балаларды қоршаған орта мен өзі өмір сүретінжердің тазалығына мән беріп, қамқорлыққа тәрбиелеу Жеке жұмыс: Аяз туралы жұмбақ жаттату. Қолы жоқ,сурет салады. Тісі жоқ,тістеп алады. (Аяз). Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. Қимылды ойын: «Қар лақтыру». Мақсаты: балаларды ептілікке тәрбиелеу. Еркін ойындар: Тәрбиешінің басқаруымен балалар қалаған ойындарды ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге	Бақылау: Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу. Мақсаты: Балаларды қоршаған орта мен өзі өмір сүретінжердің тазалығына мән беріп, қамқорлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: балаларды ептілікке тәрбиелеу. Мақсаты: Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. Еркін ойындар: Тәрбиешінің басқаруымен балалар қалаған ойындарды ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын	Бақылау: Қыстап қалатын құстарға бақылау жасау. Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау. Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу.Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қою. Мақсаты: Балаларды қоршаған орта мен өзі өмір сүретінжердің тазалығына мән беріп, қамқорлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс:Балаларға қыс мезгілі туралы әңгімелер айтқызу. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. Қимылды ойындар: «Көкек» «Өз орынды тап» Мақсаты: балаларды ептілікке тәрбиелеу. Еркін ойындар: Тәрбиешінің басқаруымен балалар қалаған ойындарды ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру
--------	--	--	---	---	--

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Ас ішуге тұрайық Қолымызды жуайық Сабын суды аямай Тазалықты ұғайық.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анан, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	«Даналық әліппе» Электронды оқулық тан ертегі тыңдату	«Әуенді киіз үй» электронды музыкалық құралдан баяу музыка тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, майтабандылықты болдырмау				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сиқырлы әріптер» Тақырыбы: Б дыбысы және әрпі Б әріпін жазу Мақсаты: Балалардың қыс мезгілінің белгілері туралы түсініктерін арттыру.Б дыбысы кездесетін сөз ойлап, буындарды жазуға үйрету.	Сюжеттік ойын: «Мұғалім» Мақсаты: Балаларды мектепке және мұғалімге деген қызығушылығына іс жүзінде жағдай туғызу.Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және берілген рөлді сомдауға үйрету.	Вариативтік компонент : «Ойнайық та, ойлайық» Тақырыбы: «Көркем өрнек» Ойын: «Көркем өрнек» (Жеке ойын) Мақсаты: Түрлі-түсті бөлшектер арқылы сәйкес келетін орны мен бағытын анықтап, үлгідегн суретті құрастыруды үйрету.	Ұжымдық үстел үсті ойыны: «Үй құрастырамыз» Мақсаты: Балаларға тіктөртбұрыштар мен үшбұрыштардың және конструкторлардың көмегімен үй құрастыруға баулы.	Вариативтік компонент: «Кел билейік!» Мақсаты: Музыканың сипаты өзгергенде қимылдарын да өзгерту , бидің қимылдарын орындауға талаптандыру, шығармашылық қиялды дамыту.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Раянға дыбыстарды айтуды үйрету. Мақсты: дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтадуды үйрету	Айшға заттарды топтастыра алуды меңгерту. Мақсаты: заттарды белгілері бойынша ажыртуға үйрету.	Алиге түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету. Мақсаты: түстерді пысықтату, қолдың ұсақ	Төребханға қарындашты дұрыс ұстай білуді үйрету, бояу тәсілдерімен таныстыру. Мақсаты: қолдың ұсақ матопикасын	Айымға кеңістікті дұрыс бағдарлауды үйрету Мақсаты: оң және сол жақты бағдрлауды үйрету.

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу,	Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап	Ата-аналарға түрлі бағытта кеңес беру	Ата-аналарға күннің салқындауына байланысты жылы	Ата-аналарға нұсқаулар беру.

2021-2022 оқу жылы, Ақпан айының І аптасы 7-11- і аралығындағы циклограммасы

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып : «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы: Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)

Мақсаты: Экологиялық мәдениет негіздерін және шығармашылық ойлауды, қоршаған орта туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру,

Міндеттері:

-табиғатқа қамқорлық танытуды, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды арттыру.

-қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамыту.

-табиғаттағы және тұрмыстағы қауіпсіз мінез- құлық дағдыларына баулу,табиғат байлықтарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 31.01.2021 ж	Сейсенбі 01.02.2021 ж	Сәрсенбі 02.02.2021 ж	Бейсенбі 03.02.2021 ж	Жұма 04.02.2021 ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалармен амандасу, денсаулықтарын тексеру,балалардан балабақшаға қандай көңіл күймен келгендерін сұрау.Қыс мезгілі жайында әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті,дидактикалық,саусақ т.б)	Дидактикалық ойын: "Табиғат құбылыстары" Мақсаты: Балаларға жауын-шашынға қар, жел, аяз және олардың қалай пайда болатындығы туралы түсініктерін кеңейту.	Әңгімелеу: Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шешу Табиғаттың кереметтері туралы әңгімелесу Фотосуреттер қарау Мақсаты: Балалардың табиғатта болатын түрлі тылсым құбылыстар туралы білімдерін кеңейту.	Сөздік дидактикалық ойын: «Табиғат туралы мақал мәтелдер айту» «Орман ғажайыптары» Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту	Әңгімелеу«Табиғат-Ана» ертігісін оқу.Сұрақ жауап Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: "Бұл қай кезде болады?" Мақсаты: Табиғат құбылыстарын ескере отырып, балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін кеңейту.
Таңертеңгілік	Ертеңгілік жаттығу кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң рахмет айтуға үйрету. Ас қайтару: Асың, асың, асыңа Береке берсін басыңа. Аман-есен әрдайым, Ата-анам жүрсін қасымда.				

Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Дидактикалық ойын: «Жер,су,ауа» Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада , суда не Болатынны дұрыс айтуға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Сөзсіз түсіндіріп көрші» Мақсаты:Балалардың жыл мезгілдері туралы, табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейте отырып, қялын дамыту.	Дидактикалық ойын: "Тірі және өлі табиғат" Мақсаты: Балаларды тірі және өлі табиғат бөліктерін ажыратуды үйрету.	Дидактикалық ойын: «Өзара айырмашылығын тап» Мақсаты: Суреттердегі өлі және тірі табиғатты салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.	Дидактикалық ойын: "Мүмкін-мүмкін емес" Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, тез ойлауға және жылдам әрекет етуге үйрету.
--	---	--	--	---	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі	1. Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: « С дыбысы және әріп таңбасы» Мақсаты: С дыбысы және әрпімен таныстыру. Ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отырып, баспа әріпін жазуға үйрету С дыбысына сөз, сөйлем құрастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Оқу қызметі барысында таза, ұқыпты жазуға тәбиелеу.. Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс» Мақсаты: дауысты және дауыссыз дыбыстарды айыру біліктігін дамыту. 2. Математика негіздері Тақырыбы: 10-ға дейінгі сандарды тура және кері санау Мақсаты: 10-ға дейінгі сандарды тура және кері санай білу дағдыларын жетілдіру; 1-ді қосу және азайтуды суретпен сәйкестендіре білуге үйрету. а) көлемді геометриялық денелермен таныстыру (текше, шар, цилиндр, конус, пирамида); оларды тани білуге үйрету; ә) көлемдік туралы	1. Дене шынықтыру Мақсаты: Зал бойынша бір-біріне доп лақтырып жүгіру. Көлбеу қойылған тақтайға өкшемен жүгіріп шығу, жүгіріп түсу. Тепе-теңдік сақтап гимнастикалық орындық, бум үстінен қолын түрлі қалыпта: белге, иыққа, желкесіне, басына қойып, жан-жаққа созып жүру. 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көңілді қыс және қысқы ойындар» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейтіп, сөздік қорын байыту. Сұраққа нақты жауап беріп, сурет мазмұнына сай әңгіме құрап айтуға үйрету. Қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға баулу. Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажырата білуге үйрету. Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуді, берілген дыбысқа сөздерді тандау, сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын дамыту. Сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және қызығушылықты, дұрыс сөйлей білуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: "Сөйлемді аяқта" Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту. 3. Сурет салу. Тақырыбы: «Әйнектегі аяз салған өрнектер» Мақсаты: Балаларға сурет салудың	1. Дене шынықтыру Мақсаты: Кегли арасымен допты баспен итере еңбектеу. Шығыршықтан-шығыршыққа бір аяқпен (оң, сол) секіру. Шығыршықтар шеңбер бойында жатады. 2 Көркем әдебиет Тақырыбы: («Қыстың қамы» Ә.Дүйсенбиев.) Мақсаты: Әңгімені мұқият тыңдауға берілген сұраққа жауап бере білуге жаттықтыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсінік беру. «Біз тебеміз сырғанақ» Қыс мезгілі туралы балалардың түсінігін кеңейту. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін бақылау. Мазмұнына, мәнерлік құралдарына байланысты әдеби шығармаларды қабылдауға үйрету. Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру. Дидактикалық ойын: "Бұл қай кезде болады?" Мақсаты. Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру. олардың ерешеліктерін айту. 3. Жаратылыстану Тақырыбы: «Тірі және өлі табиғат» Мақсаты: Тірі және өлі табиғатпен таныстыру, табиғатпен өзара әрекет ету, оларға ұқыпты қарау білімдері	1. Орыс тілі Тақырыбы: Расширять познания дошкольников о живой природе, многообразии растительного мира; разяснение понятий <i>живая природа, неживая природа</i>. Воспитывать природоохранное поведение, обучать простейшим мерам защиты и охраны окружающей среды, научить называть свои действия и действия третьего лица. Беседа о том, что такое воздух и его роли в жизни живого на земле. Продолжать учить подбирать и составлять словосочетания: глагол и существительное, существительное и прилагательное. 2. Музыка Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. 3 Өзін – өзі тану Тақырыбы: «Табиғат – денсаулық мекені» Мақсаты: «Табиғат», «денсаулық» құндылықтары туралы түсіндіру, табиғат пен денсаулықтың өзара үйлесімділігі туралы түсініктерін кеңейту, денсаулықты сақтау дағдыларын дамыту, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын:	1. Дене шынықтыру Мақсаты: Гимнастикалық орындық, орындықта отырып, табанмен теннис шариген мнәсе ұзақ резеңке шариктерді домалату. Шеңбер бойында отырып бір-біріне доп лақтыру. 2 . Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: « С дыбысы және әріп таңбасы» Мақсаты: С дыбысы және әрпімен таныстыру. Ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отырып, баспа әріпін жазуға үйрету С дыбысына сөз, сөйлем құрастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Оқу қызметі барысында таза, ұқыпты жазуға тәбиелеу.. Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс» Мақсаты: дауысты және дауыссыз дыбыстарды айыру біліктігін дамыту. 3. Мүсіндеу Тақырыбы: (Тиін жаңғақ кеміріп отыр) Мақсаты: Шығармашылық белсенділігін арттыру, қол, сау. сақ икемділігін дамыту. Мүсіндеудің есу, басу, тегістеу тәсілдерін жаттықтыру Жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
--	---	--	---	---	---

Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін,аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.
-------------------	---

Серуендеу	Бақылау Терезедегі өрнектерді бақылау. Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсты: Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Айлакер түлкі» Мақсаты: онды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу. Жеке жұмыс: Жорамал: қыз аязды болса – жаз ыстық болады. Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Мақсаты: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым -қатынас жасауға үйрету.	Бақылау Қыстың негізгі белгілерін бақылау. Мақсаты: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.. Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Мақсты: Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын :«Ортаға түспек» Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Жеке жұмыс: Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады. Мақсаты: Қыс мезгілінің табиғатқа тигізер пайдасы туралы түсіндіру. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым -қатынас жасауға үйрету.	Бақылау Қардың қасиетін бақылау Мақсаты: қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. қарды күреу. Мақсты: Балаларды еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Жеке жұмыс: «Адасқан қар киыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. Көркем сөз: Көркем сөз: Аққала Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. Мақсаты: Балалардың дамуын жетілдіру. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату.	Бақылау:Қар үстіндегі іздерді бақылау. Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді? Еңбек: құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Жеке жұмыс: Көркем сөз: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай) Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі уралы түсініктерін кеңіту. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға	Бақылау Қырауды бақылау. Мақсаты: балаларға қырауды қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, табиғатқа қамқорлық танытуға шақыру. Қимылды ойын: «Суыққойлар» Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) Жорамал: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. Жұмбақ: Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады. Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі уралы түсініктерін
-----------	---	---	---	--	---

Серуеннен оралу	Сырттан аяқ киімдерін тазалап кіргізу Өз бетімен шешінуін,киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын, қадағалау үйрету.Өз шкафтарына киімдерін ілгізуге үйрету мадақтау. Беті қолдарын жуу,сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру.Орындыққа өзі отырып, тұру.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдану.Тамақтан соң алғыс айту.Бата беруге үйрету, Асың, асың,асыңа Береке берсін басыңа Аман -есен әрдайым, Ата-анаң жүрсін қасыңда.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	Баяу музыка тыңдату	Ертегі оқып беру «Бауырсақ»	Ертегі оқып беру «Түлкі мен қасқыр»	Баяу музыка тыңдату	Ертегі оқып беру «Шаруа мен аю»
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	Ұйқыдан ояту, созылу, керілу. Ойын жаттығу. Бастапқы қалып: Бөксені төсектен қозғамай,әр аяқты алма-кезек. ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына тигізу. Бастапқы қалып: арқамен жатып, қол дене бойында созулы. Қолды жаңға созу-дем алу, қолды кеудеде крестеу-дем шығару. Балаларды бір бірден төсектен тұрғызу, салқын сумен беті – қолдарын жуу.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу.Тауысып ішуін қадағалау.				
Ойындар дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сикырлы әріптер» «Ғажайыптар әлемі» (өлі табиғат құбылыстары) С дыбысы,әріпі С әріпін жазу Мақсаты: Табиғат әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру.Өлі табиғат туралы түсінік бере отырып,оны адам қолымен жасалған заттардын ажыратуға тәрбиелеу. С дыбысы және әрпімен	«Мұғалім» сюжетті-рөлді ойыны Мақсаты: балалардың мектепке, мұғалімнің әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу. Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Ойдағы жағдаятты түсіну және соған сәйкес әрекет ету. Баланың әлеуметтік белсенді саласын және оның ересектер мен балалардың түрлі позицияларда (мұғалім-оқушы-мектеп директоры) орын алатын мүмкіндіктерін айтып мектеп тіршілігі туралы ұғымын кеңейту	Вариативтік компонент «Ойнайық та, ойлайық» Мақсаты: Тақтайшала рдың бағыттары бойынша тігінен, қырынан орналастыру арқылы сауда үйін құрастыруды үйрету. Ұжымдық жұмыс кезінде ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойын. Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі	Вариативтік компонент «Кел билейік!» Мақсаты: Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.	Айсезімге штрихтар салу, заттық суреттердің үстінен басу дағдыларын үйрету. Мақсаты: Бала қолының ұсақ моторикасын дамыту.	Айнағаға 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету. Мақсаты: Реттік сандарлы үйрету..	Махсудқа гүлдер , көкөністер , жемістерді шынайы бейнесінен және елестетуі бойынша суреттерін салуды үйрету. Мақсаты: Сурет	Айымға қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін , жыл мезгілдерін үйрету. Мақсаты: Бағдарлауды үйрету.	Айұлтанғадайын үлгілермен , шаблондармен , трафареттермен жұмыс жасауды үйрету. Мақсаты:Қолына қалам, қарындаш
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.				
Серуен	Мақсаты: Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру,қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету,достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге оралуы	Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Ата – аналарға балаларының тәртіптері жайлы айту	Балалардың тамақтануы жайлы ата – аналармен кеңесу.	Балаларды мерзімге байланысты киіндіруді ескерту	Балалардың денсаулықтарына көңіл бөлуді ескерту

2021-2022 оқу жылы, Ақпан айының II аптасы 7-11-і аралығындағы циклограммасы
«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.
Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»
Апта тақырыбы: «Көліктер»

Мақсаты: Экологиялық мәдениет негіздерін және шығармашылық ойлауды, қоршаған орта туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру,

Міндеттері:

-табиғатқа қамқорлық танытуды, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды арттыру.

-қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамыту.

-табиғаттағы және тұрмыстағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына баулу, табиғат байлықтарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі 08/02/2022ж.	Сәрсенбі	Бейсенбі 10/02/2022ж.	Жұма 11/02/2022ж.
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу				
Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Дидактикалық ойын : "Төртінші артығын тап" Мақсаты: баланың сөйлеу қабілеті мен логикалық ойлау деңгейін арттыру.	Дидактикалық ойын: "Ұшады, жүреді, жүзеді?" Мақсаты: Балаларды қозғалу және жүру реті бойынша көліктерді классификациялауға үйрету.	Дидактикалық ойын: "Бүтіннің бөлшегін тап" Мақсаты: балаларды шашырап тұрған затты біріктіруге тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: "Геометриялық пішіндерден көлік құрастырып көр" Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттілігін арттыру.	Дидактикалық ойын: "Суреттеме бойынша тауып көр" Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін арттыра отырып, сипатталған көліктерді тауып айтуға машықтандыру.
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №11 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				

Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анан, Әрқашан болсын қасыңда, Әумин.				
Ұйымдастыр ылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: "Ғажайып жолмен жүріп өтейік" Мақсаты: баланың қиялын дамыта отырып, қабылдау қасиетімен	Дидактикалық ойын: "Салыстыр және суретте" Мақсаты: Баланың есте сақтау, ойлау, сөйле қабілеттерін	Дидактикалық ойын: "Көліктер" Мақсаты: Берілген пазлдарды құрастыра отырып қиялын дамыту.	Дидактикалық ойын: "Транспорт түрлері" Мақсаты: Балаларды түрлі транспорттармен	Сөздік-дидактикалық ойын: "Атап көр" Мақсатын: Балаларға құрылымына қарай түрлі көліктерді сипаттай отырып атауға үйрету.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «С» дыбысы және әріп таңбасы Мақсаты: С дыбысы және әрпімен таныстыру.Ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отырып,баспа әріпін жазуға үйрету С дыбысына сөз,сөйлем құрастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.Оқу қызметі барысында таза,ұқыпты жазуға тәбиелеу. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» 2.Математика негіздері Тақырыбы: "Заттар тобын салыстыру және санау" Мақсаты: а) салыстыру, қорытындылау, жіктеу сияқты логикалық амалдарды ғана емес, терістеу негізінде пайымдауды қажет ететін логикалық есептер шығаруды қарастыру; заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру; ә) логикалық ойлауларын және зейіндерін дамыту; геометриялық денелер атауларын қайталау және қоршаған ортадан осы пішіндегі заттарды таба білу дағдыларын арттыру; б) ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қайда көп?» 3.Музыка Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру. Ән –күйлерді	1.Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Мен елгезек баламын» Мақсаты: «Мен елгезек баламын» Көлік түрлерін, түрлеріне қарай жекешелеп ажырата білуге, адам өмірінде көліктердің атқаратын қызметтері туралы түсініктерін қалыптастыру. Осындай татулығы жарасқан елде дүниеге келгенін мақтан ету, патриоттық сезімін оятып, өз елін, қаласын құрметтей білуге тәрбиелеу. Тындау, тіл алу, елгезектік туралы түсінік беру,лкендер өтінішін, тапсырған ісін орындауға үйрету. Өзара жағымды қарым-қатынастарын дамыту; Үлкендерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Қимылдық ойын «Көмек» 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көшедегі көліктер» Мақсаты: Көліктер туралы түсінік беру,олардың түрлерін ажыратуға үйрету.Сөздік қорларын толықтыру,жаңылтпаштарды дауыс ырғағын көтеру арқылы айтуға жаттықтыру. Сөйлемдекөпмағыналы,синоним,антонимсөздерінқолдануға,белгілібірзатқабелгілерінтаңдауға,затпенәрекет етудіжәнеберілгенәрекетке заттардытаңдайбілугежаттықтыру.Ойыншық көлік	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Теміржол бағдаршамы» (жаттау) Д. Байбеков Мақсаты: Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Темір жол көлігі пойызбен таныстыру. Көліктің атқаратын қызметі туралы мағлұмат беру. Көркем шығарманы сызба көмегімен жаттатуға үйрету. Өлең сөздерін естеріне сақтап, мәнеріне келтіре, жатқа айта білуге қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Дұрысын тап» 2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Көлік» Мақсаты: Көлік түрлері, көлік жүргізуші, көлік бөліктері туралы білімдерін кеңейту, көлік құралдары арасындағы айырмашылықты (қоғамдық, жеке және т.б.) табуға үйрету, ойлауды, қабылдауды, зейінді, есті дамыту, көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу Дидактикалық ойын: «Дұрысын тауып көрші» 3.Жапсыру Тақырыбы: «Өрт сөндіру көлігі» Мақсаты: Өрт сөндіру көлігі туралы жалпы түсінік беру. Заттың ерекшелігін түсіндіру. Таныс әдіс-тәсілдерді қолдану. Геометриялық пішіндерді	1.Орыс тілі Тема: «Транспорты» Цель: Познакомить дошкольников с обобщающим понятием <i>транспорт</i>, ввести в активную речь новые слова. Научить правильно классифицировать по назначению, размеру, способу передвижения и называть виды транспорта.. Ввести в активный словарь детей новые слова – названия профессий, связанных с транспортом; атрибуты названных профессий. 2.Құрастыру Тақырыбы: «Сіріңке қораптарынан керуен.» Мақсаты: Сіріңке қораптарынан керуен және түйе құрастыру.Сіріңке қораптрын пайдалану дағдыларын қалыптастыру,қорапта рды біріктіру,бір-бірлеріне кигізу,желімдеу ретін түсіндіру,жұмыс барысында балалардың ой қиялын дамытып,ұжымдық еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Салыстырып	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «С» дыбысы және әріп таңбасы Мақсаты: С дыбысы және әрпімен таныстыру.Ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отырып,баспа әріпін жазуға үйрету С дыбысына сөз,сөйлем құрастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.Оқу қызметі барысында таза,ұқыпты жазуға тәбиелеу. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» 2.Қауіпсіз мінез құлық негіздері Тақырыбы: «Көшеде абай бол!» Мақсаты: Жолда жүру ережелері туралы мағлұмат беру. Балаларға жолда жүрудің ережелерін қалыптастыру. Алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызуғышылығын тудыру. Сюжеттік ойын: «Дәрігер» 3.Музыка Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Өнді көңілді ,таза дауыспен жігерлі айтуға әр ойыншықтың қайда, неден, қалай, кім жасайтыны;ойыншықтардың зиянды түрі болатыны туралы түсінік беру.
--	--	---	--	---	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін				
Серуен	Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін копсыту, қармен көму. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: «Ғажайып қыс» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қойыр молайту. Қимылдық ойын: « Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым -қатынас жасауға үйрету.	Бақылау:Қарды бақылау. Мақсаты:Қардың бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Еңбек:Ағаш түптерін қармен көму. Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты:Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян». Мақсаты:Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен	Бақылау:Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың қысқы тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты:Ойыншықтар ын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпақ: «Құстар қайтып барады». Мақсаты:Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін	Бақылау Қыстың негізгі белгілерін бақылау. Мақсаты: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.. Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Мақсты: Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын : «Ортаға түспек» Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Жеке жұмыс: Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады. Тісі жоқ, тістеп алады. Мақсаты: Қыс мезгілінің табиғатқа тигізер пайдасы туралы түсіндіру. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін	Бақылау Терезедегі өрнектерді бақылау. Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсты: Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Айлакер түлкі» Мақсаты: оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу. Жеке жұмыс: Жорамал: қыз аязды болса – жаз ыстық болады. Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Мақсаты: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым -қатынас жасауға үйрету

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Ас ішуге тұрайық Қолымызды жуайық Сабын суды аямай Тазалықты ұғайық.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анан, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, майтабандылықты болдырмау Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау Табанды уқалау				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сиқырлы әріптер» Тақырыбы: С дыбысы және әрпі С әріпін жазу Мақсаты: Көліктер туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға үйрету. Жолда жүру ережелерін сақтау туралы түсіндіру. Сдыбысы және әрпімен таныстыруды	Сюжеттік ойын: «Мұғалім» Мақсаты: Балаларды мектепке және мұғалімге деген қызығушылығына іс жүзінде жағдай туғызу. Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және берілген рөлді сомдауға үйрету.	Вариативтік компонент «Ойнайық та, ойлайық» Ақылды текшелер Ойын: "Жол сызбасы" (топтық ойын) Мақсаты: Үлгі бойынша жол сызбаларын текшелер арқылы құрастыруды үйрету. Балалардың зейінін дамыту.	Ұжымдық үстел үсті ойыны: «Үй құрастырамыз» Мақсаты: Балаларға тіктөртбұрыштар мен үшбұрыштардың және конструкторлардың көмегімен үй құрастыруға баулы.	Вариативтік бөлім: «Кел билейік!» Мақсаты: IV- аяқ және қол позиция « Аққу » -би қимылын үйрету. Баланың денесін түзеу, әдемі ұстауын жетілдіру, әдемі серпілу, иіліп –бүгілу қимылдарын меңгерту. Өткен позицияларды қайталау..
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Саидаға гигиеналық шараларды дербес орындауды үйрету Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.	Айымға негізгі пайдалы азық-түліктерді атауды үйрету. Мақсаты: дұрыс тамақтануға баулу.	Айсұлтанға 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету. Мақсаты: цифрларды тануға үйрету.	Абылайхан қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атауды үйрету. Мақсаты: кеңістікті және уақытты бағдарлауға	Раян заттардың салмағын алақанына салып өлшеп, олардың тең және тең еместігін анықтай алуға баулу. Мақсаты: заттардың көлемін салыстыру арқылы анықтауға үйрет.

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап	Ата аналармен балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу	Балалармен «С» дыбысы бар сөздерді қайталату Ата аналармен өткен ертеңгіліктің жетістіктері туралы	Ата аналармен балалардың ұйымдастырылған оқу қызметі кезіндегі жетістіктері туралы әңгімелесу	Үйдегі жағдайда айнаға, Махсудқа дыбыстарды дұрыс айтқызу

2021-2022 оқу жылы, Ақпан айының ІІІ аптасы 14-18- і аралығындағы циклограммасы

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып : «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы: Электроника әлемі

Мақсаты: Байланыс құралдарының қазіргі заманғы ролімен таныстыру. Байланыс құралдары мен ақпарат құралдарының қызметтері туралы түсіндіру

Міндеттері:

-табиғатқа қамқорлық танытуды, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды арттыру.

-қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамыту.

-табиғаттағы және тұрмыстағы қауіпсіз мінез- құлық дағдыларына баулу,табиғат байлықтарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.02.2021 ж	Сейсенбі 15.02.2021 ж	Сәрсенбі 16.02.2021 ж	Бейсенбі 17.02.2021 ж	Жұма 18.02.2021 ж
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалармен амандасу, денсаулықтарын тексеру,балалардан балабақшаға қандай көңіл күймен келгендерін сұрау.Қыс мезгілі жайында әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті,дидактикалық,саусақ т.б)	Дидактикалық ойын: Тақырыбы:"Болады болмайды" Мақсаты: Балаларға тұрмыста қолданылатын электроникалық құрылғылардың пайдасы мен зияны туралы айтып, үйрету.	Дидактикалық ойын: Тақырыбы: "Артығын тап" Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, Тұрмыстық құрылғылармен таныстыру.	Дидактикалық ойын: Тақырыбы:" Мұқият бол!" Мақсаты: Балалардың назар аударуын қадағалай отырып, сөздік қорын молайту.	Дидактикалық ойын: Тақырыбы:"Суретті құрастыр" Мақсаты: Бөлшектерге бөлінген түрлі электроникалық құрылғылардың суреттерін құрастыра отырып, қол моторикасын, ойын дамыту.	Дидактикалық ойын: Тақырыбы:"Көмекшілер" Мақсаты: Балаларға тұрмыста қажетті құрылғылардың атауын үйрете отырып, олардың атқаратын қызметімен таныстыру.

Таңертеңгілік	Ертеңгілік жаттығу кешені №12				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету. Тамақтан соң рахмет айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Қыс мезгілі»(сурет кұрастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету	Сөздік ойын «Қимылын көрсет» Мақсаты: балар үй жануарлары мен жабайы жануарлардың қимылынна деген қызығушылықтарын	Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын үй жануарлары мен жабайы жануарлар атауларын білдіретін сөздермен байыту	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету	Дидактикалық ойын «Доппен ойнау» Мақсаты: «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі	1. Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: «Ң дыбысы мен әріпі.» Балаларға сөз ортасында келетін ң дыбыстары бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге, ң дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. Балалардың тілдерін дамыту, сөздерді дұрыс оқуға баулу. Табиғаттағы жабайы аңдар мен жанарларды қорғауға тәрбиелеу. Олардың табиғаттың бір бөлігі екеніне түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру Дидактикалық ойын «Қандай дыбыс» Мақсаты: дауысты және дауыссыз дыбыстарды айыру біліктігін дамыту. 2. Математика негіздері Тақырыбы: Заттың бірнеше тең бөліктері «Бүтін және бөліктер» терминін енгізу, бөліктерден бүтінді құрастыруға, бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету, бүтіннің тең бөліктерінің атауымен (жарты, ширек) таныстыру, сандарды салыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру Дидактикалық ойын: «Бүтін және бөліктер» Мақсаты: «Бүтін және бөліктер» терминін	1. Дене шынықтыру Мақсаты: Аяқтың ұшымен өкшеге, өкшеден аяқтың ұшына ауыса секіру, нұсқаушының белгісі бойынша бұрылу, жүру, жүгіру. Кішке не допты, бүршікті бір және екі қолымен алысқа (3-4 м) себетке лақтыру, түсіру. Допты оң, сол қолымен жерге соғу, жоғары лақтыру, екі қолмен қағып алу. 2. Сөйлеуі дамыту Тақырыбы: «Техника және біз» Мақсаты: Техника әлемімен, оның ерекшеліктерімен және түрлерімен таныстыру; механизмдердің құрылысы, олардың әрекет ету принциптері туралы түсінік беру, заманауи техника адамға қоршаған ортаны өзгертуге, түрлендіруге септігін тигізеді, адамның күрделі ойлануын талап ететін жұмысын жеңілдетуге көмектеседі, құрастыруға және нақты техникалық мамандықтарға қызығушылық тудыру. Дәлел: «Кім осы суреттер арқылы жақсы әңгіме айтып береді?» Мақсаты: ойын арқылы балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. 3. Сурет салу Т а қ ы р ы б ы : «Теледидар» Мақсаты: Теледидар	1. Дене шынықтыру Мақсаты: Қолына доп ұстап, шығыршыққа тимей, шығыршықтан тура, қырынан өту. Тепе-теңдік сақтап-көлебеу, тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүру. 2. Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Тұрмыстық бұйымдар» Мақсаты: Адам көмекшілері туралы балалардың білімдерін кеңейту, адам өміріне және еңбек етуінде көмекші болатын электр тоғы, тұрмыстық техника туралы білім беру; балалардың назарын заттарын адам үшін қызмет ететіндігіне және заттарға ұқыптылықпен қарау қажет екендігіне аудару; балалардың зейінін техниканы адам жасап шығарғандығына және адам оны жетік меңгере алатынына және қайта жасай алатынына аудару; осындай құралдарды жасаған үлкендердің еңбегіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Өзара айырмашылығын тап?» Мақсаты: Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. 3. Жаратылыстану. Тақырыбы: «Байланыс құралдары» Мақсаты: Электроника әлемімен таныстыра отырып, байланыс құралдары туралы білім	1. Орыс тілі. Познакомить дошкольников с обобщающим понятием <i>бытовые приборы</i>, ввести в активную речь новые слова. Учит правильно классифицировать по назначению и правильно называть предметы быта и электробытовые приборы; учить быть осторожными в обращении с ними. Фонетическое упражнение на произношение слогов со стечением согласных. 2. Музыка Мақсаты: Музыканың екпінін, ырғағын тусіне білуге жаттықтыру, әнді орындау кезінде дауысты дыбыстарды ашық дұрыс орындауға үйрету 3. Өзін – өзі тану Тақырыбы: «Мен ұқыпты баламын» Мақсаты: Ұқыптылық ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу, ұқыптылық, жағымды әдеттер туралы түсініктерін кеңейту, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, жағымды әдеттерге тәрбиелеу.,	1. Дене шынықтыру Мақсаты: Шығыршықты (сақина «Серсо») лақтырып, таяқшаға тізу (2-3 метрден). Допты еркін тәсілмен шығыршыққа лақтыру (1,5-2 м). 2. Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: «Ң дыбысы мен әріпі» Мақсаты: Балаларға сөз ортасында келетін ң дыбыстары бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге, ң дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. Балалардың тілдерін дамыту, сөздерді дұрыс оқуға баулу. Табиғаттағы жабайы аңдар мен жанарларды қорғауға тәрбиелеу. Олардың табиғаттың бір бөлігі екеніне түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс» Мақсаты: дауысты және дауыссыз дыбыстарды айыру біліктігін дамыту. 4. Мүсіндеу Тақырыбы: «Теледидар» Мақсаты: Ермексазбен жұмыстың әдіс тәсілдерін үйрету.
--	--	--	--	---	--

Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.
-------------------	--

Серуендеу	Бақылау Терезедегі өрнектерді бақылау. Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсты: Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Айлакер түлкі» Мақсаты: оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу. Жеке жұмыс: Жорамал: қыз аязды болса – жаз ыстық болады. Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Мақсаты: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым -қатынас жасауға үйрету.	Бақылау Қыстың негізгі белгілерін бақылау. Мақсаты: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.. Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Мақсаты: Балаларды еңбексүйгіштікке, үлкендердің еңбегіне араласуға үйрет. Қимылды ойын :«Ортаға түспек» Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Жеке жұмыс: Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады. Мақсаты. Балаларды тез ойлауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым -қатынас жасауға үйрету.	Бақылау Қардың қасиетін бақылау Мақсаты: қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. қарды күреу. Мақсты: Балаларды еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру. Көркем сөз: Көркем сөз: Аққала Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. Мақсаты: Балаларды дамуын жетілдіру. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым -қатынас жасауға үйрету.	Бақылау:Қар үстіндегі іздерді бақылау. Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді? Еңбек: құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Жеке жұмыс: Көркем сөз: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай) Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі уралы түсініктерін кеңіту. Еркін ойын: Тәрбиешінің қалауы бойынша балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсаты: Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым -қатынас жасауға үйрету.	Бақылау Қырауды бақылау. Мақсаты: балаларға қырауды ң қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, табиғатқа қамқорлық танытуға шақыру. Қимылды ойын: «Суыққойлар» Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттын бір түрден басқа түрге айналуы) Жорамал: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. Жұмбақ: Қызыл сияқты ақ
-----------	--	--	--	---	--

Серуеннен оралу	Аяқ киімдерін тазалап кіргізу Өз бетімен шешінуін, киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын, қадағалау үйрету. Өз шкафтарына киімдерін ілгізуге үйрету мадақтау. Беті қолдарын жуу, сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану. Тамақтан соң алғыс айту. Бата беруге үйрету, Асын, асын, асыңа Береке берсін басыңа Аман -есен әрдайым, Ата-анаң жүрсін қасыңда.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	Ертегі оқып беру «Әке мен бала»	Баяу музыка тыңдату	Ертегі оқып беру «Түлкі мен қасқыр»	Баяу музыка тыңдату	Ертегі оқып беру «Шаруа мен аю»
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	Ұйқыдан ояту, созылу, керілу. Ойын жаттығу. Бастапқы қалып: Бөксені төсектен қозғамай, әр аяқты алма-кезек. ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына тигізу. Бастапқы қалып: арқамен жатып, қол дене бойында созулы. Қолды жаңға созу-дем алу, қолды кеудеде крестеу-дем шығару. Балаларды бір бірден төсектен тұрғызу, салқын сумен беті – қолдарын жуу.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тауысып ішуін қадағалау.				
Ойындар дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сиқырлы әріптер» «Электроника әлемі». Ұ дыбысы, әріпі Ұ әріпін жазу Адамға қажетті электроника құралдары туралы білуге қызығушылықтарын арттыру. Ұ әріпін дәптерге жазуды үйрету. Үстелге түзі отыруды қалыптастыру.	«Мұғалім» сюжетті-рөлді ойыны Мақсаты: балалардың мектепке, мұғалімнің әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу. Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Ойдағы жағдаятты түсіну және соған сәйкес әрекет ету. Баланың әлеуметтік белсенді саласын және оның ересектер мен балалардың түрлі позицияларда (мұғалім-оқушы-мектеп директоры) орын алатын мүмкіндіктерін айтып мектеп	Вариативтік компонент «Ойнайық та, ойнайық» Мақсаты: Бүтін, бөлшек ұғымдарын түсіндіру. Түрлі түсті пішіндерден бүтін бөлшектерді құрастыруды үйрету. Жеке жұмыс барысында балалардың бір біріне кедергі келтірмеуге тәрбиелеу.	«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойын. Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін	Вариативтік компонент «Кел билейік!» Мақсаты: Би кезінде шеңберді әдемі жасауға, денесін тіке ұстап аяқтың ұшымен жүруге үйрету. Әуенді тыңдай білуге, әуенді ажыратып білуге үйрету.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.	Алиге штрихтар салу, заттық суреттердің үстінен басу дағдыларын үйрету. Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Айымға 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету. Мақсаты: реттік сандарды үйрету.	Фаризаға гүлдер , көкөністер , жемістерді шынайы бейнесінен және елестетуі бойынша суреттерін салуды үйрету. Мақсаты: Қолдың ұсақ	Саидаға қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін , жыл мезгілдерін үйрету. Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды үйрету.	Кәусарға дайын үлгілермен , шаблондармен , трафареттермен жұмыс жасауды үйрету. Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.				
Серуен	Мақсаты: Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Балалардың үйге оралуы	Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Ата – аналарға балаларының тәртіптері жайлы айту	Балалардың тамақтануы жайлы ата – аналармен кеңесу.	Балаларды мерзімге байланысты киіндіруді ескерту	Балалардың денсаулықтарына көңіл бөлуді ескерту

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: Экологиялық мәдениет негіздерін және шығармашылық ойлауды, қоршаған орта туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру,

Міндеттері:

-табиғатқа қамқорлық танытуды, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды арттыру.

-қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамыту.

-табиғаттағы және тұрмыстағы қауіпсіз мінез- құлық дағдыларына баулу,табиғат байлықтарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.02.2022	Сейсенбі 22.02.2022	Сәрсенбі 23.02.2022	Бейсенбі 24.02.2022	Жұма 25.02.2022
Балаларды қабылдау Ата-аналармен кеңес,	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Үстел үсті ойыны «Заттарды салыстыру» Мақсаты: Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіріп, бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген	Үстел үсті ойыны «Кесте бойынша ойын» Мақсаты: Балалар білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту. Аталған ертегілердің мазмұнын, атын білу. Балаларды тапқырлыққа, зейінді болуға тәрбиелейді.	Үстел үсті ойыны «Жұбын тап» Мақсаты: Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу	Дидактикалық ойын «Кімге не керек екенін тап!» Мақсаты: Балаларға суреттегі мамандық иелерінің құралдарын тауып, белгілеуді үйрету, мамандықтар туралы түсінік беру.	Дидактикалық ойын: «Мамандық иелерін анықта!» Мақсаты: Суреттегі мамандық иелерін ажыратып атау, мамандық иелері туралы әңгімелеу
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №12 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып әрдайым, Ата-анаң жүрсін қасыңда, Әумин.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	1-10 дейінгі сандарды тура және кері санау Мақсаты: 10 ға дейінгі сандарды тура және кері санату, таңбаларды ажырата білуді қалыптастыру.	Дидактикалық ойын: «Мамандық иелерін таны және ата!» Мақсаты: Балалардың түрлі мамандық иелерін тану туралы білімдерін жетілдіру.	Дидактикалық ойын: «Сурет арқылы ажырат!» Мақсаты: Суреттерден ертегілерді ажыратып білу, қысқаша мазмұнын айту арқылы білімдерін	Дидактикалық ойын: «Апта күндерін ажырат!» Мақсаты: Балалардың апта күндері туралы білімдерін толықтыру	Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты: Балаларға өткен дыбыстарға сөз ойлатып, дыбыстарды ажырата білуге үйрету

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1. Сауат ашу негіздері «Н» дыбысы мен әріпі.» Балаларға сөз ортасында келетін н дыбыстары бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге, н дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. Балалардың тілдерін дамыту, сөздерді дұрыс оқуға баулу. Табиғаттағы жабайы аңдар мен жанарларды қорғауға тәрбиелеу. Олардың табиғаттың бір бөлігі екеніне түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру Дидактикалық ойын: «Буынға бөл» Мақсаты: Берілген суреттерді ажыратып, буынға бөлуді, неше буыннан тұратынын үйрету. 2. Математика негіздері «Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару» 0 –ден 10-ға дейінгі сандарды тура және кері санай білу дағдыларын жетілдіру, +, - таңбаларымен таныстыру, есеп шығару білуге үйрету. Санға 1 –ді қосу және азайтуды меңгерту. Дидактикалық ойын: «Әр аквариумда қанша балық бар» Мақсаты: Балаларға аквариумдағы балықтарды санату және есеп құрап, оның шығарымын үйрету.	1.Өзін-өзі тану «Менің тәрбиешім» Тәрбиеші мамандығы туралы түсінік беру. Балалардың тәрбиеші апайларына деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, балабақшадағы үлкендердің еңбегі туралы түсінік беру. Тәрбиешіге деген құрмет сезімдерін дамыту. Өзара сыйластық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. 2.Сөйлеуді дамыту «Мамандықтың бәрі жақсы» Ересектердің мамандығы туралы білімдерін кеңейту, түрлі мамандықтарға қызығушылықты дамыту, ересектердің еңбегінің маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру, адамдардың өмірінде барлық мамандықтардың маңызды екенін түсіндіру, ересектердің еңбегіне мейірімділікпен, құрметпен қарауға, оларға көмек көрсетуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Мамандықтың иесіне қандай құрал қажет?» Мақсаты: Балаларға мамандықтардың иесіне қандай құрал қажет екенін білдіріп, олардың қажетті құралдарын таңдауға үйрету.	1.Көркем әдебиет «Бір уыс мақта» Ы.Алтынсарин. «Бір уыс мақта» әңгімесінің мазмұнын ашып түсіндіру. Әңгіме арқылы ойын, қиялын дамыту. Әңгіме жанырларын ажыратып, қимыл іс-әрекеті арқылы сахналау. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу. Сурет бойынша әңгімелеу. 2.Жаратылыстану «Мамандықтар» Балаларды әр түрлі мамандықтар иесімен таныстыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Мамандық таңдауға қызығушылықтарын тудыру. Үлкендердің әр мамандық иелерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Сурет бойынша әңгімелеу 3.Жапсыру «Теңізде жүзген кеме» Балаларға жыртылған қағаздан аппликация жасауды үйрету; ұқыпты болуға дағдыландыру; саусақ икемділіктері мен зейіндерін дамыту. 4. Дене шынықтыру «Дене шынықтыру» Балаларды дене шынықтыруға баулу. Дене шынықтырудың маңызын түсіндіру. Дене шынықтыруға қызығушылықтарын тудыру. Дене шынықтырудың еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	1. Орыс тілі Познакомить дошкольников с названиями профессий сотрудников детского сада, с разнообразием специальностей. Воспитывать уважительное отношение к работникам учреждения и их труду. Тренировать использовать в речи «волшебные» слова. Учить уметь рассказывать о членах своей семьи, о том, где и кем работают родители. Пополнять словарный запас новыми словами – названиями профессий своих родителей. Научить самостоятельно задавать вопрос <i>Где работает?</i>, используя в ответах старую и новую лексику; заменять собственные и нарицательные имена существительные местоимением <i>они</i>. 2.Құрастыру «Ұшақ» Құрылыс материалдарынан ұшақ құрастыруды үйрету. Құрастыру жұмыстарына қызығушылықтарын арттыру. Төзімділікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.	1.Сауат ашу негіздері «Н» дыбысы мен әріпі.» Балаларға сөз ортасында келетін н дыбыстары бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге, н дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. Балалардың тілдерін дамыту, сөздерді дұрыс оқуға баулу. Табиғаттағы жабайы аңдар мен жанарларды қорғауға тәрбиелеу. Олардың табиғаттың бір бөлігі екеніне түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру Дидактикалық ойын: «Үзік сызықтарды бастыр» Мақсаты: Балаларға берілген үзік сызықтарды бастыруға және жалғастырып жазуға үйрету. 2. Қауіпсіз мінез құлық негіздері «Ертеңгілік жаттығулар. Дене бітімі дегеніміз не?» Ертеңгілік жаттығудың денсаулыққа пайдасы жөнінде айту. Бала денсаулығының басты кепілі – дене бітімі туралы мағлұмат беру. Балаларға ағзаны қорғаудың маңызын түсіндіру.
--	---	--	---	---	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы

Серуен	Қыстың негізгі белгілерін бақылау Мақсаты : Балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету. Еңбек: Бақшаның ауласын қардан тазартып қою. Мақсаты: Күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу. Жеке жұмыс: Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Жорамал: Түтін будақтап шықса, аяз болады. Мақсаты: Балаларға көркемсөз айтқызу арқылы, тілдерін дамыту, мазмұнын түсіндіру. Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру. Еркін ойын: Қимылды жаттығулар Мақсаты: Мұзды жолмен сырғанап білуге жаттықтыру.	Көшені бақылау Мақсаты: Тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, толықтыру. Сұрақтар: Көшедегі үйлер қандай? Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме? Жүргіншілер қайда, қандай жолмен жүрулері керек? Еңбек: Балабақшаның маңын қардан тазарту. Мақсаты: Күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. Жеке жұмыс: Көркем сөз: Менің атым «бағдаршам» мекен жайым тұрақты, Жаксы білем міндетімді, мүдірмеймін ешқашан. Жол сілтейтін белгілер бөлінеді төрт топқа. Жұмбақ: Менің үш көзім бар, Бір көзім «кідір» дейді, Бір көзім «жүгір» дейді, Бір көзім «абайла» дейді, «Қарап ал маңдайға!» - дейді (Бағдаршам) Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілдерін, ойлау, қиялдау қабылеттерін дамыту. Қимылды ойын: «Жанады жанбайды» Мақсаты: Тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру. Еркін ойын: Сырғанау	Қардың қасиетін бақылау Мақсаты: Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Еңбек: Үлескінің қарын тазалау Мақсаты: Балаларды еңбекке баулу, жасаған істерін аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру Жеке жұмыс: Көркем сөз: Аққала Аула сырты, баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойнаймыз біз шаттана. Жұмбақ: Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады. Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілдерін, ойлау, қиялдау қабылеттерін дамыту. Қимылды ойын: «Ұстап ал» Мақсаты: Белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру, шапшаңдыққа баулу.	Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау Мақсаты : Адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Еңбек: Үлескілерді әсемдеу, түрлі формадағы ыдыстарға мұз қатыру Мақсаты: Балалардың эстетикалық танымдарын арттыру.Айналаны әсем етіп көрсету. Жеке жұмыс: Көркем сөз: Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол поездың. Қатар-қатар тұратың Поезды біз құрайық. Жорамал :Қыс қарлы болса-Жаз жаңбырлы болады. Мақсаты: Балаларға көркем сөз айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту, есте сақтау қабылеттерін дамыту. Қимылды ойын: «Аңшы мен қоян» Мақсаты: Нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру,өрмелеп жоғары шыға білу. Еркін ойын: Сырғанау Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу	Күн көзін бақылау. Мақсаты : күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы,аяғымен) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру Еңбек: Аққала жасау. Мақсаты: Күрекпен қарды жинап. қармен жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: Өз қиялдарымен әңгіме құрату. Жұмбақ: Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. Мақал: Мезгіл жетсе, Мұз да еріп. Мақсаты: Балалардың өз қиялдарымен әңгіме құрап айтқызу арқылы тілдерін дамыту, ойлау, қиялдау қабылеттерін дамыту, мақалдың мазмұнын түсіндіру. Қимылды ойын: «Жұп болып эстафета ойының жүргізу» Мақсаты: Шанамен сырғанақ тебу. Балаларды эстафетаны бір-біріне беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. Еркін ойындар: «Қуыспақ», «Сырғанау»
--------	---	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асына, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.	Баяу әуенмен ұйқы	Баяу әуенмен ұйқы	Ертегі оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Бой сергіту» жаттығуы Кәне бірге тұрайық, қолымызды созайық Ұқсап жираф мойнына созып-созып алайық Қолды белге салайық, оң жаққа бір қарайық, сол жаққа бір қарайық, Бір отырып, бір тұрып, тынығып бір алайық (Балалар мәтін бойынша қимыл жасайды.)				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				

Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент: «Сиқырлы әріптер» Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы» «Ң» дыбысы мен әріпі «Ң» әріпін жазу Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықтар иесімен таныстыру. «Ң» дыбысы бар сөздер құрастыру, дәптерге жазу.	Желілі-мазмұнды ойын: «Гараж», «Жүргізушілер» Мақсаты: Балаларды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын-ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, түрлі заттарды қолдануға үйрету. Автоинспектордың, жүргізушінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Вариативтік компонент: «Ойнайықта, ойлайық» Тақырыбы: Көркем өрнек. Ойын: «Кілем құрастыру» (жеке ойын) Мақсаты: Бөлшектердің орны мен бағытын анықтап, топтастыру арқылы кілемше құрастырып үйрету. Түстерді ажыратып,	Желілі-мазмұнды ойын: «Дүкенші» Мақсаты: Дүкенші қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға рөлді бөлуге және орындауға көмектесу. Қоршаған орта туралы алған білімдерін ойын барысында қолдануға ықпал ету.	Вариативтік компонент: «Кел билейік!» Мақсаты: Станокта тұру арқылы жасалатын кимылдардың дұрыс орындалуын қадағалау. Баланың биге деген құштарлығын, сүйспеншілігін арттыру.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Махсудқа «Ң» дыбысы кездесетін сөз ойлап айтқызу Мақсаты: Дыбыстарды есте сақтауын қалыптастыру.	Ясминге 1-10 дейін және кері санату Мақсаты: Таңбаларды есте сақтауын, санау қабылетін арттыру	Нұралыға әңгіме құрап айтқызу Мақсаты: Ертегі желісі бойынша мазмұндап үйрету, сөйлеу тілін дамыту.	Фаризаға қысқаша сөйлем құрату. Мақсаты: Мамандықтар туралы сұрақтар қойып, қысқаша сөйлем құрату, сөйлеу тілін дамыту.	Айымға «Ң» дыбысы бар сөзден сөйлем құрап үйрету. Мақсаты: Есте сақтау қабылетін дамыту, тілін дамыту.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				
	Балаларды ауа райының өзгерісіне сай киіндірулерін ескерту	Ертеңгілікке арналған тақпақтарын қайталауға көмек көрсетуді сұрау	Алдағы мерекелерге қатысты өлең, тақпақтарды қайталауды сұрау	Өскенде кім боламын тақырыбына балалармен әңгіме құрап, сөйлесу туралы кеңес беру	Жыл мезгіліне сай киіндірулерін ескерту.

2021-2022 оқу жылы, наурыз айының І -ші аптасы 28.02. - 04.03. аралығындағы циклограммасы

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы: «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»

Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлерімен, ұлттық мейрамдарымен, әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен таныстыру.

Міндеттері: -Адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыру. Патриоттық сезімдерін дамыту

-Қазақ халқының мәдениетін және өнерін құрметтеуге тәрбиелеу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.02.2022	Сейсенбі 01.03.2022	Сәрсенбі 02.03.2022	Бейсенбі 03.03.2022	Жұма 04.03.2022
Балаларды қабылдау Ата-аналармен кеңес,	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				

Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Дидактикалық ойын: «Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтарын ата» Мақсаты: Балаларға сурет бойынша киіз үйдің ішін жабдықтарын атай білуге, олардың қолдануға қандай пайдасы бар екенін білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қазақ халқының ұлттық киіз үйінің құрылысын ата!» Мақсаты: Балаларға суреттен ұлттық киіз үйдің құрылысын білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қазақтың ұлттық бас киімдері ер адамға, әйел адамдарға арналған» Мақсаты: Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу, оларды айыра білу, оларды қашан, қайда, қай кезде киетінін білу.	Дидактикалық ойын «Ұлттық аспаптар» Мақсаты: Ұлттық аспаптарымыздың атауларын білуге, оларды айыра білу, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін	Дидактикалық ойын: «Жеті қазынаны ата» Мақсаты: Балаларға қазақ халқының салт-дәстүрін үйрету, қазақтың пір тұтатын жеті байлығын танып білуге тәрбиелеу.
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №13 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып әрдайым, Ата-анаң жүрсін қасыңда, Әумин.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Цифрларды таны және ата!» Мақсаты: 10 ға дейінгі сандарды тура және кері санату, цифрларды ажырата білуді	Дидактикалық ойын: «Сүт тағамдары» Мақсаты: Балаларға сүт өнімдері туралы ақпарат беріп қадірлеуге тәрбиелеу. Сүт өнімдерін	Дидактикалық ойын: «Сауленің дастарханы» Мақсаты: Ұлттық тағамдарымыздың атауларын білуге үйрету	Дидактикалық ойын: «Апта күндерін ажырат!» Мақсаты: Балалардың апта күндері туралы білімдерін толықтыру	Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты: Балаларға өткен дыбыстарға сөз ойлатып, дыбыстарды ажырата білуге үйрету

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1. Сауат ашу негіздері «Е» дыбысы және әріп таңбасы» «Е» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балалардың Е дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту (буын құрау, сөз құрау, жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту, ребустар шешу). Дамыту ойындарын ойната отырып игерген білімдерін бекіту. Ұғымталдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Суреттегі затты атап, дыбыстық талдау жасау» 2. Математика негіздері «Көлемді өлшеу (биіктігі, ұзындығы, ені)» Шартты өлшеуштің көмегімен ұзындықты өлшеумен таныстыруды жалғастыру. Шартты өлшеуштің саны оның көлеміне байланысты екенін түсіндіру. Ойлау қабілеттерін дамыту Дидактикалық ойын: «Жұлдызқұрттарды ұзындығына қарай	1.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Менің елімнің салт-дәстүрлері Мақсаты: Туған елдің салт-дәстүрі мен таныстыру. Салт-дәстүрге қызығушылықтарын арттыру. Елінің салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу. 2.Сөйлеуді дамыту Сөйлеуді дамыту «Байғазы беру» Қазақ халқының Салт-дәстүрлерін ұмытпай ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру. Сөздерді түрлі әдістермен құрай білу біліктерін бекіту; түбірлессөздерді жасауды және оқидануды жаттықтыру, жай, күрделі сөйлемдерді, дауыссыз ғағына қарай сөйлем түрлеріна ажырата білу, оларды сөйлеуде қолдану. Баланың қызығушылығын арттыру, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетуге үйрету, адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қандай әшекейді анаңа сыйлар едің, сол әшекейді боя!» 3. Сурет салу «Мен және менің	1.Көркем әдебиет «Қонақжайлылық - ынтымаққа бастар жол» Балаларды қазақтың қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, адамдар арасындағы бір-біріне деген құрмет, шынайы сыйластық, қамқорлықты білдіретін адамдардың жақсы қасиеттерін түсіндіру. Бақылағандары және суреттер бойынша әңгімелер құрастыра білуге үйрету. Өз дастарханынан ас-дәм беру қонақжайлылық, ықылас кең пейілділікке тәрбиелеу Сурет бойынша әңгімелеу. 2.Жаратылыстану «Қазақтың салт-дәстүрі» Наурыз мерекесі туралы айту. Наурыз жыл басы, көктемнің алғашқы мерекесі. Малдар төлдеп, ағаштар бүршік атып, тіршілік ояңған кезі екенін түсіндіріп, ой-өрісін кеңейту. Қазақтың салт-дәстүрін айтып, насихаттау. Дидактикалық ойын: «Табиғат берген жеті ырыс» 3.Жапсыру «Тостаған» Қазақтың салт-дәстүрін жаңғырту. Балалардың білімдерін кеңейту. Әдіс-тәсілдерді үйрету. Жеке жұмыстар жүргізу. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Баланың	1. Орыс тілі Цель: Приобщать к праздничной культуре, знакомить с весенними праздниками. Рассказывать о своей маме, интонационно выражая свою любовь. Формировать умение чувствовать настроение, переданное в стихотворении. Расширить познания дошкольников о родной стране, формировать представления о многонациональном составе народов РК, прививать чувства дружбы и уважения к представителям других национальностей и народностей. Расширять знания, пополнить словарный запас по теме; называть весенние приметы и природные явления; весенние месяцы в их последовательности; рассказывать о связях между явлениями природы и сменой времен года. 2.Өзін-өзі тану «Ұлттық дәстүрім - мақтанышым» Ұлттық дәстүр туралы түсініктерін кеңейту. Ұлттық дәстүрлерге деген қызығушылығын арттыру. Ұлттық	1.Сауат ашу негіздері «Е» дыбысы және әріп таңбасы» «Е» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балалардың Е дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту (буын құрау, жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту, ребустар шешу). Дамыту ойындарын ойната отырып игерген білімдерін бекіту. Ұғымталдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Суреттегі затты атап, дауысты және дауыссызын дөңгелекпен белгіле!» 2. Мүсіндеу Киіз үй. Балаларды мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіру әдісімен таныстыру. Есілген ермексазбен әшекейлеу іскерліктерін дамыту. Шығармашылық
--	--	--	---	---	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы

Серуен	«Бұршақты бақылау» Мақсаты: «Бұршақ» түсінігімен таныстыру; Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру, есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру. Тәрбиеші әңгімесі: Күннің шуағы молайып, жер қызған кезде су буланып ыстық ауамен жоғары көтеріледі. Жерден жоғары кеңістік үнемі салқын, сондықтан да су тамшылары мұзға айналады. Жауын жауған уақытта кейбір мұздың ірі түйіршіктері еріп үлгермейді де, жерге мұз күйінде құлайды. Еңбек Кесілген бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу. Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету. Жеке жұмыс: Көркем сөз «Бұршақ жауғанда» А. Меңдібай Аспанды бұлт торлап, Күн кенет бұзылды. Жел тұрып, сап-салқын, Жауын ісі сезілді. Айнала тарсылдап, Ақ моншақ төгілді. Жер беті ағарып, Мұз бөлініп көрінді.	«Жаңбырды бақылау» Мақсаты: Жауынның азайғаны, жәй жауын, қатты жауын болатындарын балаларға айтып түсіндіру. Балаларды көктемнің көңілді күндерімен таныстыру. Еңбек Телімдегі ағаш сынықтарын, қағаз қалдығын, тастарды т.б. заттарды жинау. Мақсаты: Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу Жеке жұмыс: Балаларға жұмбақ жасыру: Көтеріліп теңізден, Биіктен қайта түскенде, Аспанға биік барамын. Өңі кірер даланың. (Жаңбыр) Көркем сөз. Жаңбыр жауса жер ырысы Батыр туса ел ырысы. Мақсаты: Балалардың қиялын, ойлау қабылеттерін дамыту Қимылды ойын: «Жаңбырдың дыбысы» Мақсаты: Балаларға	«Бұлттарды бақылау» Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру\ Тәрбиеші балаларға сұрақ береді. Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? Бүгінгі бұлттар қандай? Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: Бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайынды арал талды	«Күнді бақылау» Мақсаты: Күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? Күн қай жақтан шығады? Қай жаққа батады? Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? Неге? Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: Үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту. Жеке жұмыс: Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев Қанша заман өткенімен, Ескірмейтін ағаш шырша	«Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау» Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? Мақсаты: Бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау Еңбек Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Жеке жұмыс: Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі - түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Мақсаты:
--------	---	---	---	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.	Баяу әуенмен ұйқы	Баяу әуенмен ұйқы	Ертегі оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Тізені жоғары көтеріп жүру Әтеш, әтеш, әтеш-ай, басындағы айдарын-ай, Аяқтарын керіліп басып, қанаттарын керіліп қайырады, Керіліп аулада жүріп, «кукарекуін» айтады Аяқтарын керіліп басады, құс болса да – ұшпайды.				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				

Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент: «Сықырлы әріптер» Тақырыбы: «Е» дыбысы, әріпі «Е» әріпін жазу Мақсаты: Балаларды әртүрлі салт-дәстүрлерге қызығушылығын арттыру. «Е» дыбысымен әріпімен таныстыру. «Е» дыбысын дәптерге жазу, буындарды көшіріп жазу.	Желілі-мазмұнды ойын: «Аспазшы» Мақсаты: Балаларды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын-ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, түрлі заттарды қолдануға үйрету. Аспазшының қызметін бағалауға тәрбиелеу.	Вариативтік компонент: «Ойнайықта, ойлайық» Тақырыбы: Тез тап Ойын: «Тез тап» (топтық ойын) Мақсаты: Балалардың танымын кеңейтіп, зейіндерін шоғырландыру. Үлгідегі суреттерді ажырату арқылы жануарлардың азығын, мекенін, көлеңкесін және сәйкесін табуға үйрету. Ұйымшылдыққа,	Желілі-мазмұнды ойын: «Дәріхана» Мақсаты: Балаларды дәріханада нелер сатылатыны, олардың қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру, қызығушылығын арттыру	Вариативтік компонент: «Кел билейік!» Мақсаты: « Наурыз» мерекесімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне бейімдеу.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Фаризаға «Е» дыбысы кездесетін сөз ойлап айтқызу Мақсаты: Дыбыстарды есте сақтауын қалыптастыру.	Әлиге 1-10 дейін және кері санату Мақсаты: Таңбаларды есте сақтауын, санау қабылетін арттыру	Айсұлтанға әңгіме құрап айтқызу Мақсаты: Ертегі желісі бойынша мазмұндап үйрету, сөйлеу тілін дамыту.	Төреханға қысқаша сөйлем құрату. Мақсаты: Мамандықтар туралы сұрақтар қойып, қысқаша сөйлем құрату, сөйлеу тілін дамыту.	Айнаға «Е» дыбысы бар сөзден сөйлем құрап үйрету. Мақсаты: Есте сақтау қабылетін дамыту, тілін дамыту.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				
	Балаларды ауа райының өзгерісіне сай киіндірулерін ескерту	Ертеңгілікке арналған тақпақтарын қайталануға көмек көрсетуді сұрау	Алдағы мерекелерге қатысты өлең, тақпақтарды қайталануды сұрау	Ата- аналардың сұрақтарына жауап бер, әр түрлі тақырыпта әңгімелесу	Жыл мезгіліне сай киіндірулерін ескерту.

2021-2022 оқу жылы, Наурыз айының ІІ-ші аптасы 05.03-11.03.- і аралығындағы циклограммасы
«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»
Апта тақырыбы: «Ертегілер Елінде. Театр әлемі»

Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлерімен, ұлттық мейрамдарымен, әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен, таныстыру.

Міндеттері:

-адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыру, Патриоттық сезімдерін дамыту

-қазақ халқының мәдениетін және өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 05.03.2022	Сейсенбі 08.03.2022	Сәрсенбі 09.03.2022	Бейсенбі 10.03.2022	Жұма 11.03.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу				
Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				

Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	«Бауырсақ» ертегісі Мақсаты: Ертегі мазмұнын балалардың естеріне түсіріп,сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Артистік өнерге машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету.		«Жеті лақ» ертегісі Мақсаты: Балалардың рөлге бөлініп, ертегі кейіпкерлерінің дауыстарын салып , сомдауы арқылы сөйлеу тілдерін және есте сақтау қабылеттерін дамыту.	«Мақта қыз бен мысық » ертегісі Мақсаты: Сұрақ қоя отырып,ертегі мазмұнын әңгімелей білуге үйрету,сөздік қорын молайту. Достыққа, татулыққа тәрбиелеу. Қоршаған орта туралы түсініктерін толықтыру. Ертегіні балалар өздері ойнап көреді, тәрбиеші рөлдерді тағайындайды.	Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерін ата!» Ойынның мақсаты: Балаларды үстелдегі суреттер арқылы қай ертегінің кейіпкерлері екенін ажыратып білуді үйрету, есте сақтау қабылеттерін дамыту.
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №13 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда, Әумин.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Ұқсас затты тап» Ойын мақсаты: Қоршаған ортадан (ұзын-қысқа, биік-аласа) ұқсас заттарды тауып, оларды тұрмыстағы заттармен сәйкестендіре		Дидактикалық ойын: “Қай қолымда көп» Ойын мақсаты: Заттарды сипап сезу және көру тәсілдері арқылы салыстырып зерттеу іскерліктерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Киіз үйдің құрылымын ажырат!» Мақсаты: Балаларға сурет арқылы киіз үйдің құрылымын ажыратуды үйрету, білімдерін	Дидактикалық ойын: «Өткен дыбыстарды ажырат!» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды қайталану арқылы, есте сақтау қабылеттерін арттыру

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сауат ашу негіздері « Е дыбысы және әріп таңбасы» Е дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балалардың Е дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету.Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту (буын құрау, сөз құрау, жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту, ребустар шешу). Дамыту ойындарын ойната отырып игерген білімдерін бекіту.Ұғымталдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Суреттегі заттарды атап, дыбыстық талдау жаса!» 2.Математика негіздері Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. Тең заттар. Мақсаты: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын дамыту. Міндеттері:үлгіден ұзынырақ (қысқарак), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табу білігін дамыту. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. Дидактикалық ойын: «Өлшеуіштерді боя және салыстыр!»		13. 1. Көркем әдебиет Наурыз көже. (өлеңді жаттау) Ақылбек Шаяхметов Наурыз мерекесі туралы айтып, өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып, оқып жеткізу. Салт – дәстүр, әдет – ғұрыптар туралы ұғындыру, оны бағалап, құрметтей білуге тәрбиелеу. 14. Дидактикалық ойын: «Сурет бойынша қысқаша әңгімеле!» 2.Жаратылыстану «Алақай көктем келді» Балаларды көктемнің алғашқы күні туралы әңгімелету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын кеңейту. Сөйлем құрап, дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Негізгіойдыдұрысжеткізе білу,монологтікмәтіндерд ібайланыстырыпайту,мәті нмазмұнындұрыс,рет-ретіменайту, белгілібір түсініктісипаттау,баяндау әңгімелерітүріндежеткізе білуді Дидактикалық ойын: «Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?» 3.Жапсыру «Есек» Баланың шығармашылық қабілетін арттыру. Қол	6. 1.Орыс тілі Закрепить навык разделения домашних и диких животных; навык образовывать уменьшительные имена существительные, умение согласовывать числительные и существительные. Продолжать учить рассказывать, используя в речи эпитеты. 2. Құрастыру «Киіз үй» Балаларға ойыншық киіз үйді құрастыра отырып, оның бөліктерімен таныстыру, оның ерекшелігіне мән беру және оны құрастыра білудағдыларын қалыптастыру, ойлануға, сөйлеуге үйрету, өзара келісімге келуге, қарым – қатынас мәдениетіне, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтей білуге тәрбиелеу. 3.Мүсіндеу «Алдаркөсе.» Адам денесін мүсіндей алуға және ертегі кейіпкерінің бейнесін бере білуге үйрету, Баланың шығармашылық қабілетін арттыру. Қолқимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын дамыту; талғампаздыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1.Сауат ашу негіздері « Е дыбысы және әріп таңбасы» Е дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балалардың Е дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету.Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту (буын құрау, сөз құрау, жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту, ребустар шешу). Дамыту ойындарын ойната отырып игерген білімдерін бекіту.Ұғымталдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Суреттегі заттарды атап, дауыссыз және дауысты дыбыстарды атау!» 2. Қауіпсіз мінез құлық негіздері. «Неліктен тіс тазалап, қол жуу керек?» Баланың жеке басының тазалығын сақтаудың жолдары туралы түсініктерін кеңейту. Ұқыпты және жүйелі түрде тісті тазалау және қолды жуу
--	--	--	---	--	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы

Серуен	Бақылау: Күнді бақылау Мақсаты: Күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Еңбек: Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу. Мақсаты: Үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту. Жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн) Сұрақтар қою Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? Күн қай жақтан шығады? Қай жаққа батады? Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? Неге? Мақсаты: Балаларға жұмбақ жасырып, сұрақтар қою арқылы сөйлеу тілдерін дамыту, есте сақтау қабылеттерін дамыту. Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты: Күн мен түннің		Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Еркін ойындар: 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Мақсаты: Балаларды	Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралы оған әрі дамыту және сөздік қоры молайту. Қимылдық ойын: «Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Еркін ойындар: «Мені қуып жет». Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Үлкендердің еңбегін бағалау» Мақсаты: Аула, ойын алаңының тазалығын сақтау Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: «Орамал тастау» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Еркін ойындар: 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім» (құрастыру) Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу
---------------	---	--	---	--	---

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру		Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Баяу әуенмен ұйқы	Ертегі оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Керуette керілу Көздерге арналған жаттығулар Б.қ. - көздерін жұму (10-15 сек.). көздерін ашу. 2-3 рет қайталау. Басын көтермей, жоғарыға-төменге, оңға-солға қарау. 3 рет қайталау. Тізені жоғары көтеріп жүру Әтеш, әтеш, әтеш-ай, басындағы айдарын-ай, Аяқтарын керіліп басып, қанаттарын керіліп қайырады, Керіліп аулада жүріп, «кукарекуін» айтады Аяқтарын керіліп басады, құс болса да – ұшпайды. Беті қолдарын, мойындарын сумен жуу, қол бұлшық еттерін сумен жуу, ояну процедуралары				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				

Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сиқырлы әріптер» Тақырыбы: «Е» дыбысы мен әріпі «Е» әріпін жазу Мақсаты: Балаларды ауыз әдебиеті үлгілеріне қызығушылығын тәрбиелеу. «Е» дыбысы және әрпімен таныстыруды бекіту, жазуды жалғастыру. Ұқыптылыққа, әдемілікке, тазалыққа тәрбиелеу.		Вариативтік компонент «Ойна да, ойлан» Тақырыбы: Сәулетші Ойын: «Түймедақ гүлі» (жеке ойын) Мақсаты: Тақтайшаларды топтастырып алып, қырымен қою арқылы гүл құрастыруды үйрету. Жасаған жұмыстары	Ұжымдық үстел үсті ойыны: Пазылдарды құрастыру Мақсаты: Балаларға аңғарымпаздықпен пазлдарды өз орнымен құрастыруға дағдыландыру.	Вариативтік компонент: «Кел билейік!» Мақсаты: Мимикамен билеуге дағдыландыру. Шахматтық реттікке тұру. Өз орындарын таба білу. Баланың пластикасына көп көңіл бөлу.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Әлиге «Е» дыбысына сөз ойлап, айтқызу Мақсаты: «Е» дыбысы бар сөздерді ойлап, айтқызу, дыбысты есте сақтауын қалыптастыру		Фарицаға қайшымен жұмыс жасап үйрету Мақсаты: Қайшыны дұрыс ұстауға, қағазды қиып үйретуді жалғастыру	Айнаға ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдарымен таныстыру Мақсаты: Ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдарымен таныстырып, заттармен	Махсудқа «Е» дыбысы бар сөздер айтқызу Мақсаты: «Е» дыбысы бар сөздерді ойлап, айтқызу, дыбысты есте сақтауын қалыптастыру
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				
	Үйдегі жағдайда Кәусарға, Ясминге, Төреханға дыбыстарды дұрыс айтқызу		Ата аналармен өткен ертеңгіліктің жетістіктері туралы әңгімелесу	Балаларға наурыз мерекесіне арналған өлеңдерді жаттату	Балалармен «Е» дыбысы бар сөздерді қайталату

2021-2022 оқу жылы, наурыз айының III -ші аптасы 14.03. – 18.03. аралығындағы циклограммасы

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы: «Өнер көзі халықта»

Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлерімен, ұлттық мейрамдарымен, әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен таныстыру.

Міндеттері: -Адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыру. Патриоттық сезімдерін дамыту

-Қазақ халқының мәдениетін және өнерін құрметтеуге тәрбиелеу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.03.2022	Сейсенбі 15.03.2022	Сәрсенбі 16.03.2022	Бейсенбі 17.03.2022	Жұма 18.03.2022
Балаларды қабылдау Ата-аналармен кеңес,	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Үстел-үсті ойыны: «Кезек» ойыны Ойын барысы : Сурет, карточкаларды немесе қандай да бір затты кезекке тұрғызу. Мысалы, тіс дәрігеріне, шаштаразға. Балалар артқа қарап тұруын сұраймыз да, қандай-да бір затты алып тастап, қайтадан «Кім кезектен қашып кетті?» — деп сұраймыз. Мақсаты: Балалардың	Дидактикалық ойын: «Дүкен» Мақсаты: Сұйық зат пен сусымалы заттың қалай өлшенетінін балаларға үйретіп жаттықтыру.	Дидактикалық ойын: «Сән ательесі» Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін, тілдерін дамыту, достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын Сұлулық салоны Ойынның мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту. Еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Санамақ айтқызу: Бас бармағым –атам- үйдің данасы, Балаң үйрек -әжем – ошақ анасы. Ортан терек -әкем- отау панасы, Шылдыр шүмек – анам –шаңырақ ажары. Титтей бөбек –мен – бәрінің базары. Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілдерін, есте сақтау

Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №14 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып әрдайым, Ата-анаң жүрсін қасыңда, Әумин.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Кім алғыр?» Мақсаты: Таңбалар арасындағы байланысты жете түсінуіне, сан құрамын анықтай білуге, жазбаша есептеуге дағдыландыру.	Дидактикалық ойын: «Жұбын тап» Мақсаты: Балаларды ойнай отырып, заттың қандай материалдан (пластмасс, шыны, резина) жасалғанын анықтауды үйрету. Ойлау қабілетін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Қарама – қарсы сөздер». Мақсаты: Балалар ойынды ойнай отырып, қарама-қарсы сөздерді дұрыс тауып айтуды үйрету. Тілдерін және ойлау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Қажетті суретті тап» Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету, күн тәртібіне қажет іс-әрекетті еске түсіру; қай кезде, не істелетіні жөнінде сөйлем құрап айтуға үйрету; түрлі жаттығу жұмыстарын өздігінен орындауға	Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла». Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1. Сауат ашу негіздері «І» дыбысы мен әрпімен таныстыру, сөзге дыбыстық талдау жасату, жазуға жаттықтыру. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту (буын құрау, сөз құрау, жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту, ребустар шешу). Дамыту ойындарын ойната отырып игерген білімдерін бекіту. Ұғымталдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Суреттегі затты атап, дыбыстық талдау жаса!» 2. Математика негіздері Геометриялық пішіндер және денелер. Мақсаты: геометриялық пішіндердің атауларымен: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш; денелердің атауларымен: текше, шар, цилиндр таныстыру. Міндеттері: пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табуға үйрету. Зейінді, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. Дидактикалық ойын:	1. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Менің елімнің салт-дәстүрлері Ұлттық мерекелер мен дәстүрлердің мерекелену себебі туралы балалардың білімдерін қорыту және кеңейту. Өз ата – бабаларының мәдени – рухани мұраларын түсіндіру, құрметтеуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесі қалай тойланатыны жөнінде әңгімелеу 2. Сөйлеуді дамыту «Наурыз-көктем мерекесі» Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Сөздік қорларын кеңейту. Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Өзіне қаратылып айтылған сөздерді тындап, түсінуге, әңгімені қолдауға, сұрақтарға жауап беруге және өзін мәдениетті, әдепті, байсалды ұстау іскерліктерін жаттықтыру. Қазақтың ұлттық мерекесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Халықтың киіз басу өнерін түсіндіру. Дидактикалық ойын: «Наурыз мерекесі»	1. Көркем әдебиет «Жыл басына таласқан хайуанаттар» Қазақ ертегілерін тыңдауға деген қызығушылығын арттыру. Шығарма мазмұнының мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға үйрету. Кейіпкерлерге және олардың іс-әрекеттеріне өз ойына таянып, білуге үйрету. Жағымды, жағымсыз қылықтарды ажырата білуге тәрбиелеу. Сурет бойынша әңгімелеу. 2. Жаратылыстану «Өнер көзі – халықта» Өз халқының тарихы мен мәдениетіне, өнер туындыларына, мәдени мұраны тануға қызығушылықты қалыптастыру, халық кәсібімен таныстыру, ұлттық мәдениетті, туған өлкенің тарихы мен салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу. 3. Жапсыру «Текемет» Текеметті сәндік қолданбалы ұлттық өрнектермен безендіру; ою – өрнектерді симметриялы орналастыра білу, түсті сезіне білуге баулу; эстетикалық талғамды дамыту. 4. Дене шынықтыру «Қозғалыс»	1. Орыс тілі Цель: Познакомить с устным народным творчеством – потешками, песенками, небылицами, считалками; дать почувствовать детям добрый юмор, задор небылиц; познакомить с новой считалкой, развивать умение практического использования в игровой деятельности; воспитывать интерес к устному народному творчеству; активизировать словарь детей, развивать речь детей. Учить детей узнавать сказку по загадке, по иллюстрации, по отрывку 2. Өзін-өзі тану «Өнердің ғажайып әлемі.» «Өнер» құндылығы туралы түсіндіру. Міндеттері: «өнер» ұғымы туралы түсінік беру, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру, өнерлі болуға тәрбиелеу. Сурет бойынша әңгімелеу 3. Музыка Музыка мен сөз арасындағы үндестікті сезіне білу. Әнді көңілді, қуанышпен, мәнерлі орындауға	1. Сауат ашу негіздері «І» дыбысы мен әрпімен таныстыру, сөзге дыбыстық талдау жасату, жазуға жаттықтыру. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту (буын құрау, сөз құрау, жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту, ребустар шешу). Дамыту ойындарын ойната отырып игерген білімдерін бекіту. Ұғымталдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Суреттегі «І» дыбысы бар сөздерді сәйкестендір!» 2. Мүсіндеу «Ұлттық ою өрнекпен безендірілген тарелка» Қағаз немесе пластик ыдыстарды ұлттық ою-өрнекпен безендіруді үйрету, безендіру дағдыларын бекіту, ұлттық ою-өрнек туралы білімдерін қалыптастыру, тиянақтылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу, мүсіндеу дағдыларын жетілдіру, байланыстыру.
--	---	--	--	--	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы

Серуен	Су тамшыларын бақылау Мақсаты: Температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау, зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады) Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады) Шуақты күні ше? (өседі) Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады) Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. Мақсаты: Кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Мамібай	«Жаңбырды бақылау» Мақсаты: Жауынның азайғаны, жәй жауын, қатты жауын болатындарын балаларға айтып түсіндіру. Балаларды көктемнің көңілді күндерімен таныстыру. Еңбек Телімдегі ағаш сынықтарын, қағаз қалдығын, тастарды т.б. заттарды жинау. Мақсаты: Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу Жеке жұмыс: Балаларға жұмбақ жасыру: Көтеріліп теңізден, Биіктен қайта түскенде, Аспанға биік барамын. Өңі кірер даланың. (Жаңбыр) Көркем сөз. Жаңбыр жауса жер ырысы Батыр туса ел ырысы. Мақсаты: Балалардың қиялын, ойлау қабылеттерін дамыту Қимылды ойын: «Жаңбырдың дыбысы» Мақсаты: Балаларға	«Бұлттарды бақылау» Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру\ Тәрбиеші балаларға сұрақ береді. Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? Бүгінгі бұлттар қандай? Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: Бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайынды арал талды	«Күнді бақылау» Мақсаты: Күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? Күн қай жақтан шығады? Қай жаққа батады? Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? Неге? Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу. Мақсаты: Үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту. Жеке жұмыс: Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев Қанша заман өткенімен, Ескірмейтін ағаш шырша	«Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау» Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? Мақсаты: Бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау Еңбек Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Жеке жұмыс: Көркем сөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі - түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Мақсаты:
--------	---	---	--	---	---

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.	Баяу әуенмен ұйқы	Баяу әуенмен ұйқы	Ертегі оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Тізені жоғары көтеріп жүру Әтеш, әтеш, әтеш-ай, басындағы айдарын-ай, Аяқтарын керіліп басып, қанаттарын керіліп қайырады, Керіліп аулада жүріп, «кукарекуін» айтады Аяқтарын керіліп басады, құс болса да – ұшпайды.				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				

Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент: «Сықырлы әріптер» Тақырыбы: «І» дыбысы мен әріпі «І» әріпін жазу Мақсаты: Балаларды байланыстырып сөйлеуге тәрбиелеу. І дыбысымен, әріпімен таныстыру. Сөзге дыбыстық талдау жасату, і дыбысы бар сөздерді оқу, жазу.	Желілі-мазмұнды ойын: «Дәріхана» Мақсаты: Балаларды дәріханада нелер сатылатыны, олардың қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру, қызығушылығын арттыру	Вариативтік компонент: «Ойнайықта, ойлайық» Тақырыбы: Ақылды текшелер Ойын: «Кәмпиттер» (топтық ойын) Мақсаты: Балаларға текшелердегі кәмпиттердің өзара сәйкестілігін бетіндегі дөңгелектердің санына қарай ажыратып, келесі текшені сол санына қарай сәйкестендіруге	Желілі-мазмұнды ойын: «Аспазшы» Мақсаты: Балаларды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын-ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, түрлі заттарды қолдануға үйрету. Аспазшының қызметін бағалауға тәрбиелеу.	Вариативтік компонент: «Кел билейік!» Мақсаты: Бидің қимылын үйретіп, таза дұрыс орындалуын қадағалау. Шығармаларды тыңдау арқылы музыкалық жанрларды анықтай білу. Би қимылдарын музыка ырғағымен жасау.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Айымға «І» дыбысы кездесетін сөз ойлап айтқызу Мақсаты: Дыбыстарды есте сақтауын қалыптастыру.	Төреханға 1-10 дейін және кері санату Мақсаты: Таңбаларды есте сақтауын, санау қабылетін арттыру	Айсезімге «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін мазмұндату Мақсаты: Сөйлеу тілін, есте сақтауын	Раянға «І» дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасату Мақсаты: «Білім жолымен» олимпиадаға дайындық	Айнаға «І» дыбысы бар сөзден сөйлем құрап үйрету. Мақсаты: Есте сақтау қабылетін дамыту, тілін дамыту.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				
	Балаларды ауа райының өзгерісіне сай киіндірулерін ескерту	Ертеңгілікке арналған тақпақтарын қайталауға көмек көрсетуді сұрау	Алдағы мерекелерге қатысты өлең, тақпақтарды қайталауды сұрау	Наурыз мерекесіне қажетті киімдері туралы әңгімелесу	Ата-аналардың сұрақтарына жауап бер, әр түрлі тақырыпта

2021-2022 оқу жылы, Наурыз айының 1V-ші аптасы 28.03- 01.04.- і аралығындағы циклограммасы Қайталау
«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы.
Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы: «**Нұр төккен, гүл көктем**»

Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлерімен, ұлттық мейрамдарымен, әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен, таныстыру.

Міндеттері:

-адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыру, Патриоттық сезімдерін дамыту

-қазақ халқының мәдениетін және өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.03.2022	Сейсенбі 29.03.2022	Сәрсенбі 30.03.2022	Бейсенбі 31.03.2022	Жұма 01.04.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу				
Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Дидактикалық ойын «Қай мезгілде киеміз?» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Киімдерді атау, қай мезгілдікі екенін ажырату	Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері, соның ішінде көктем ерекшеліктерін тани білуін дамыту, сөйлеу тілдерін жетілдіру. Ойын шарты: Суреттерді жыл мезгілдеріне сай қою.	Ойын: Қиынды пішіндерден көктемде өсетін қызғалдақ гүлін құрастыру. Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту, ойынға деген қызығушылығын арттыру.	Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау	Логикалық ойын: Мақсаты; Балалардың көктем ерекшелігі туралы білімдерін жетілдіру Қыс кетті, көктем (келді) Қыс суық, көктем (жылы) Қыста тон киеміз, көктемде (күртеше) Көктемде (қар ериді) Көктемде (құстар ұшып келеді) Көктемде, ағаштар бүршік (жарды, шашты)
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №14 (Дене шынықтыру маманының нұсқауы бойынша)				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Тамақты төгіп-шашпай уақытылы ішуге үйрету. Тамақтан соң ас қайтарып, алғыс айту. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анаң, Әрқашан болсын қасыңда, Әумин.				

Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ата» Мақсаты: Өткен дыбыстардан дауысты және дауыссызға бөліп ажырата білулерін тексеру, есте сақтау қабілеттерін дамыту	Дидактикалық ойын: Көктем мезгілі туралы қысқаша әңгімелеу Мақсаты: Байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөйлеу тілдерін дамыту	Дидактикалық ойын: «Қай бағытқа жүрсен, сонда іздегенінді табасың» Ойын шарты: педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге тығып тастайды. Тәрбиеші айтады: Егер... Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылып, барсаң – қоян ойыншығын табасың, т.с.с. Мақсаты: Балалардың	Дидактикалық ойын: «Киіз үйдің құрылымын ажырат!» Мақсаты: Балаларға сурет арқылы киіз үйдің құрылымын ажыратуды үйрету, білімдерін толықтыру.	Дидактикалық ойын: «Өткен дыбыстарды ажырат!» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды қайталану арқылы, есте сақтау қабілеттерін арттыру
--	--	--	---	---	---

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	1.Сауат ашу негіздері « I дыбысы және әріп таңбасы» Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімін бекіту. I дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Құрамында i дыбысы бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге үйрету. Сөз, сөйлем ойлатып, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Балалардың сөздік қорын, тілін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өз ана тілін, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу. Дұрыс, таза жазуға баулу. Дидактикалық ойын: «Суреттегі заттарды атап, дыбыстық талдау жаса!» 2.Математика негіздері Геометриялық пішіндегі заттар. Мақсаты: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту. Дидактикалық ойын: «Суретке қарап, не бейнеленгенін ата. Заттар қандай пішіндерге ұқсайды, сызып қос!» 3.Музыка Табиғат көрністерін сезіне білуге, табиғатқа деген қамқорлық сезімін қалыптастыру, әнді табиғи дауыспен, мәнерлі орындау шеберлігін дамыту.	1.Өзін-өзі тану «Наурыз-жақсылықтың бастауы» Жақсылық, үйлесімділік құндылықтарының мәнін ашу. Наурыз мерекесінің ерекшелігін түсіндіру. Жақсы қарым-қатынастарын дамыту. Ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге тәрбиелеу. 2.Сөйлеуді дамыту «Көрікті көктем» Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге, әңгімелеп айта білуге, берілген сұраққа нақты жауап беруге үйрету. Сөздік жұмыстары арқылы сөздік қорларын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғат сұлулығын сезіне білуге, құстарға, ағаштарға қамқор болуға және еңбеккер болуға тәрбиелеу. Балаларды бір-біріменеркінтілдік қарым-қатынасқа баулу. 3.Сурет салу «Көктем келді алақай!» Балалардың көрнегісін	15. 1. Көркем әдебиет Әдеби викторина Мақсаты: Балаларды әдеби жанрларды ажырата білуге, жұмбақ шешуге, сүйікті ертегілері мен әңгімелерінен үзінділерді тани білуге үйрету. Жадпен қабылдауды дамыту. Кітаппен достасу ниетіне тәрбиелеу. 16. Дидактикалық ойын: «Сурет бойынша қысқаша әңгімеле!» 2.Жаратылыстану «Көктемгі еңбек» Ауылшаруашылық өнімдерінің түрлері, оларды өндіретін адамдардың еңбектері жайлы мағлұматтар беру. Үлкендер еңбегі туралы балалардың түсініктерін әрі қарай дамыту. Еңбексүйгіштікке, табиғатқа деген қамқорлық жасай білуге баулу. Дидактикалық ойын: «Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?» 3.Жапсыру «Бақтар гүлдеді» Аппликация жасау дағдыларын жетілдіру, қағаз бетіне үйлесімді орналастырып жапсырту. Балаларды ұжыммен бірігіп,	7. 1.Орыс тілі Познакомить дошкольников с национальным праздником. Ввести в пассивный и активный словарь детей новые слова. Приобщать детей к праздничной культуре. Сформировать представление о многонациональном составе страны. Воспитывать доброжелательное отношение к представителям народностей, проживающих в республике. <i>Дид. игра «Далеко – близко, низко – высоко» Гимн./гл. «Хитрый лис» Физм. «В лесу»</i> 2. Құрастыру «Бақбақ» Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, түсті қағаздарды пайдалана отырып, қол моторикасын, икемділігін дамыту. Бақбақ гүлін жасай білуге қызығушылығын арттыру, гүлдерді жұлмауға, күтіп баптауға тәрбиелеу. 3.Мүсіндеу «Жылға» Ермексаздың сурет салу тәсілімен таныстыру, ермексаздың әртүрлі тәсілін араластыру	1.Сауат ашу негіздері « I дыбысы және әріп таңбасы» Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімін бекіту. I дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Құрамында i дыбысы бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге үйрету. Сөз, сөйлем ойлатып, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Балалардың сөздік қорын, тілін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өз ана тілін, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу. Дұрыс, таза жазуға баулу. Дидактикалық ойын: «I» дыбысы бар сөздерді тауып, сәйкестендір!» 2. Қауіпсіз мінез құлық негіздері. «Күн және ауа» Денені шынықтыруда күн мен ауаның маңызын, түрлі жолдарымен таныстыру және оның адам денсаулығына тигізер әсері жөнінде мағлұмат беру. 3.Музыка Әнді көңілді күймен
--	--	--	---	---	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы

Серуен	Күнді бақылау Мақсаты: Күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? Күн қай жақтан шығады? Қай жаққа батады? Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? <i>(қоңыр түсті әйнекпен)</i> Еңбек: Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту. Жеке жұмыс: Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. <i>(күн)</i> Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. <i>(күн)</i> Күн бұйымы көтерілген	Ұшып келген құстарды бақылау Мақсаты: Көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Балаларға сұрақтар: Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? Жыл құстары деп неге айтамыз? Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? Еңбек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру. Жеке жұмыс Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының жатпағаны	Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау Мақсаты: Бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау. Балаларға сұрақтар: Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? Еңбек Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Жеке жұмыс: Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі – түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл – жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады. Әншісі өлгенді, жұлдызы	Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін дұрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, тазалау. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: «Нұр көктем» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қорын молайту. Қимылдық ойын: « Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Еркін ойындар: «Мені қуып жет». Мақсаты: Балаларды	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Үлкендердің еңбегін бағалау» Мақсаты:Аула, ойын алаңының тазалығын сақтау Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты:Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: «Орамал тастау» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Еркін ойындар: 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім» <i>(құрастыру)</i> Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу
--------	---	---	--	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру. Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа, Аман болып ата-анан, Әрқашан болсын қасыңда! Әумин!				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру.	Балаларға ұйықтауға әдемі әуен қосу.	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру.	Баяу әуенмен ұйқы.	Ертегі оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Керуette керілу Көздерге арналған жаттығулар Б.қ. - көздерін жұму (10-15 сек.). көздерін ашу. 2-3 рет қайталау. Басын көтермей, жоғарыға-төменге, оңға-солға қарау. 3 рет қайталау. Тізені жоғары көтеріп жүру Әтеш, әтеш, әтеш-ай, басындағы айдарын-ай, Аяқтарын керіліп басып, қанаттарын керіліп қайырады, Керіліп аулада жүріп, «кукарекуін» айтады Аяқтарын керіліп басады, құс болса да – ұшпайды. Беті қолдарын, мойындарын сумен жуу, қол бұлшық еттерін сумен жуу, ояну процедуралары				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент «Сықырлы әріптер» «І» дыбысы мен әріпін қайталау. «І» әріпін жазу Мақсаты: Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Жылдың көктем мезгілінде табиғаттың түрленетінін, жан-жануардың жанданып, гүл қаулайтыны туралы ұғым беру І әріпін жазу,	Желілі-мазмұнды ойын: «Құрылысшы» Мақсаты: Балаларды құрылыстың түрлерімен таныстыру, құрылысқа қолданылатын заттармен таныстыру. Іргетас, қабырға, шатырларымен қалауды үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Вариативтік компонент «Ойна да, ойлан» Көркем өрнек Ойын: «Түрлі түсті өрнек» (жеке ойын) Мақсаты: Балаларға түстерді және пішіндерді ажыратуға үйрету. Бөлшектерді түстеріне қарай сәйкестендіріп, әдемі өрнек құру. Жеке жұмыс барысында бір-біріне кедергі келтірмеуге	Ұжымдық үстел үсті ойыны: Пазылдарды құрастыру Мақсаты: Балаларға аңғарымпаздықпен пазлдарды өз орнымен құрастыруға дағдыландыру.	Вариативтік компонент: «Кел билейік!» Мақсаты: Денесін түзу ұстау және әуенді тыңдай білу. Шеңбер қимылын дұрыс жасау. Әр- түрлі заттармен билеуге үйрету

Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Әлиге дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратып айтқызу Мақсаты: Дыбыстарды есте сақтау, дауысты дауыссыз екендігін ажыратып үйрету	Махсудпен көктем ерекшеліктері туралы әңгіме Мақсаты: Сөйлеу тілін, сөздерді байланыстырып сөйлеуін пысықтау	Айыммен сурет арқылы жұмыс Мақсаты: Сүйікті ертегіні қысқаша мазмұндау арқылы, тілін дамыту, есте сақтау қабылетін жетілдіру	Фаризаға тазалықты үйрету Мақсаты: Ермексазбен жұмыс барысында ұқыптылықты, тақтайшаны	Төреханмен көктем мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты: Көктем мезгіліндегі ерекшеліктерді айтқызу, жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				
	Балаларды ауа райының өзгерісіне сай киіндірулерін ескерту.	Балалармен әңгімелесу, байланыстырып сөйлеу тілдерін дамыту.	Балалардың тазалығына мән беру.	Балаларға «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау үшін, сөздерін	Балаларға өткен дыбыстарды қайталату.

Өтпелі тақырып : Біз еңбекқор баламыз
Апта тақырыбы:Аялайық гүлдерді

Мақсаты: Еңбек туралы түсініктерін қалыптастыру, Өртүрлі мамандық иелерінің еңбектері туралы мағлұмат беру.

Міндеттері: -шығармашылық қабілеттерін және ойлауын қалыптастыру.-үлкендердің еңбегі туралы балалардың дұрыс көзқарастарын, сөйлеуін, зейінін, қиялын дамыту.
 -қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыруға, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.04.2021 ж	Сейсенбі 05.04.2021 ж	Сәрсенбі 06.04.2021 ж	Бейсенбі 07.04.2021 ж	Жұма 08.04.2021 ж
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалармен амандасу, денсаулықтарын тексеру, Көктем мезгілі жайында әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналармен бла денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру.				
Ойындар (үстел үсті,дидактикалық,саусақ т.б)	Дидактикалық ойын: "Гүл шоғын жинайық" Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа және тездікке үйрету, өз ісін соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: "Ұмытпайық " Мақсаты: Балалар өздеріне берілген гүл түрлерін ажыра алуға, олардың оналасқан орындарын шатастырмай ретпен жинауға үйрету.	Дидактикалық ойын: "Гүл, шегіртке, шөп және көбелектер" Мақсаты: Балалар тәрбиешінің айтуы бойынша өздеріне тән қимылдарды орындай отырып, шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа тәрбиеленеді.	Дидактикалық ойын: "Кім гүлді бірінші қояды?!" Мақсаты: Балаларды командалық жұмысқа баулу, бір-бірін тыңдап, жауапкершілікпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: "Сыңарын тап" Мақсаты: Бірнеше бөліктерге бөлінген гүлдер суреттерін құрастыру арқылы, баланың ойлау қабілетін көтеру.
Таңертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені №15 (Дене шынықтыру маманының жеткшілігімен)				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Үстел үсті ойыны: "Қай гүл артық?" Мақсаты: Балаларға бірнеше карточкалар арасынан бірдейлерін тауып, артық гүлдерді шетке шығару арқылы олардың атауларын үйрету, аңғарымпаздықты	Саусақ ойыны:"Түймедақ " Мақсаты: Балаларды гүлдің құрылысмен таныстру, олардың атауын атауды үйрету.	Қимылдық ойын: "Тірі гүлшоғыры" Мақсаты: Балалар өздеріне берілген гүлшоқтарының атауын жаттап алу арқылы, гүл түрлерімен танысу.	Саусақ ойыны: "Гүлдер" Мақсаты: Балалады гүлдер түрлерімен таныстыру, олардың атауын атуға, бір-бірінен ерекшеліктері арқылы ажыратуға үйрету.	Дидактикалық ойын: "Гүлдерді құрастыр" Мақсаты: Туған елінде өсетін гүл түрлерімен таныстыру. гүлдерге қамқорлықпен қаруға баулу.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Ә дыбысы мен әріпі.» Балаларға сөз ортасында,сөз басында келетін ә дыбыстары бар сөздерді талдау,оларды ажырата білуге, к дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету.Балалардың тілдерін дамыту,сөздерді дұрыс оқуға, жазуға жаттықтыру. Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс» 2. Математика негізі Тақырыбы: Пішіндер неге ұқсайды? Мақсаты: геометриялық денелердің атауларымен таныстыру, заттардың белгілері Дидактикалық ойын: «Ауыр – жеңіл», «бірдей» 3. Музыка. Тақырыбы: "Аялайық гүлдерді" Мақсаты: Балаларды үлкендер еңбегімен таныстыру, музыка тыңдап, әннің ырғағын ажырата білуге үйрету.	1 .Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Жыл мезгілдері: қыс, көктем белгілері Мақсаты: Қыс және көктем мезгілінің белгілері туралы білімдерін тереңдету. Осы мезгілдерге тән маусымдық құбылыстармен таныстыру. Дидактикалық ойын: "Гүлді ата" 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Гүлдермен танысайық.» Гүлдермен таныстыру, олардың бөліктерін атай білуге, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету. Диалогтік сөйлеу тілін дамытуға негіз болатын түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану.Өзге балалардың әңгімесінің маңыздылығына әсер етіп, бір- бірінен жаңалықты білуге ықыласын арттыру. Дидактикалық ойын. «Сикырлы гүлдер» 3. Сурет салу Тақырыбы: «Алғашқы гүлдер» Бақылап көру арқылы сурет салу; гүлдер мен жапырақтардың өздеріне тән белгілерін, олардың пішінін, түсін, көлемін беруге үйрету; балалардың шығармашылығы мен қиялдарын дамыту. 4. Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аялайық гүлдерді" Мақсаты:Түрлі бастапқы қалыпта жүгіру.1-4 сан	1. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Гүлді сүйсең.» М.Дүйсенов Мақсаты: Шығарманы оқып беру, шығарма кейіпкерінің іс-әрекен талдау, жағымды жағымсыз жақтарын ажырату. Кейіпкерге жанашырлық танытуға үйрету. Шығармалардыңмазмұны менкөркемтуындылартүрініңарасындағыөзарабайланыстыкөребілугеүйрету.Дербесәрекеттекөркемтілдікдағдылардықолданабілудібекіту Дидктикалық ойын: "Гүл жина" 2.Жаратылыстану Тақырыбы: Бөлме гүлдері Мақсаты: Балалардың табиғат бұрысындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін толықтыру. Қазтамақ пен фикус гүлі туралы айтып,оларды бір-бірінен ажырата білуге ,тани білуге үйрету және күту ерекшеліктерімен таныстыру.Бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін іс жүзінде көрсету. Дидактикалық ойын: "Гүлдерді күтейік" 3.Жапсыру. Тақырыбы: «Сыйлық гүлі» Мақсаты: Балаларды аналарына гүл сыйға тарту үшін,жұмыс жасауда жауапкершілік арттыру	1. Орыс тілі Тема: "Цветы" Цель: Закрепить знания детей о травах и цветах, , познакомить детей с названиями лекарственных трав и их назначением; воспитывать любовь и бережное отношение окружающей среде; развива тьумение работать в коллективе; расширять кругозор и словарный запас детей;игровая деятельность – сюжетно – ролевая игра <i>«Антошка»</i>. 2. Өзін – өзі тану Тақырыбы: «Табиғаттан үйренейік». Мақсаты: Табиғатқа қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейту. «Қамқорлық» туралы түсініктерін кеңейту.Жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.Туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: "Гүл силайық" 3. Музыка Тақырыбы: "Аялайық гүлдерді" Мақсаты:Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Ә дыбысы мен әріпі.» Балаларға сөз ортасында,сөз басында келетін ә дыбыстары бар сөздерді талдау,оларды ажырата білуге, к дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету.Балалардың тілдерін дамыту,сөздерді дұрыс оқуға, жазуға жаттықтыру. Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс» 2. Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аялайық гүлдерді" Мақсаты:Қолды жоғары созу,желкеге қою,белде ұстап,жан-жаққа соза тізерлеп,жүру.Керілген жіптің астынан тура және бір бүйірімен өту. 3. Мүсіндеу Тақырыбы: «Әдемі гүл» Мақсаты: Алақанға салып тік және дөңгелек етіп есуді, дала гүлдерінің мүсінін жасауды үйрету.
---	--	--	--	---	--

Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін, аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.
-------------------	--

Серуен	Бақылау: Ауа райына бақылау жасау Мақсаты: Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады. Еңбек : Топырақты тұқым салуға дайындау. Мақсаты: Еңбектенуге деген қабілетін дамыту,бастаған ісін аяқтау,үлкендерге көмектесу. Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру(лақтар алаңда жүгіреді);жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. Мақсаты: Ойын шартын бұзбау,ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. Жеке жұмыс: Жұмбақ: Күн ұзарып Қар еріп, Су сайларға толады Айтыңдаршы бөбектерім Бұл қай кезде болады? <i>(көктемде)</i>	Бақылау: Күнге бақылау жасау Мақсаты: Күннің маңыздылығы адам өмірінде, өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. Еңбек : Гүл тұқымын топыраққа егу. Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Күн мен бұлт» Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. Жеке жұмыс: Тақпақ: Күлімде,күн күлімде Жер жасарып көгерсін Кешегіндей бүгін де, Қанат қақсын көгершін Мақсаты: Күннің тіршілікке тигізетін пайдасы туралы түсіндіру. Еркін ойындар: Тәрбиешінің бақылауы бойынша, балаларға қалаған ойын түрлерін ойнату. Мақсты: Еркін ойын арқында серуенге	Бақылау: Желге бақылау жасау Мақсаты: Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Еңбек: Қажеттілік бойынша жұмыс МАҚСАТЫ: Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу . Қимылды ойын: «Қақпақ пен таяқ». Мақсаты: Балаларды дәлдікке жылдамдыққа тәрбиелеу. бір-бірін қолдауға шақыру. Жеке жұмыс Көркемсөз "Жел" Желдет, желдет! Жеті қара дауылдат! Өрісін құлат,баласын жылат Тайтерісін қалтырат Нава- астауын жаптырат!	Бақылау: Аспанға бақылау жасау. Мақсаты: Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр,ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. Еңбек: Тұқымды қарашірікке отырғызу. Мақсаты: Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қазым,қазым қаңқылда!» Мақсаты: Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару. Жеке жұмыс Жұмбақ Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (аспан мен жер) Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа баулай отырып, аспан көрінісін	Бақылау: Күнге бақылау жасау Мақсаты: Күннің маңыздылығы адам өмірінде, өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. Еңбек: Гүл тұқымын топыраққа егу. Мақсаты: Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Күн мен бұлт» Мақсаты: Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. Жеке жұмыс: Жұмбақ Туған жердің күні де ыстық, Жұрттың бәрі оны сүйеді, Түні де ыстық Бірақ қарай алмайды (күн) Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа баулай отырып, күнге бақылау жасауға үйрету. Еркін ойындар: Тәрбиешінің бақылауы бойынша, балаларға
--------	--	--	--	--	---

Серуеннен оралу	Сырттан аяқ киімдерін тазалап кіргізу Өз бетімен шешінуін,киімдерін рет-ретімен жинауын, киімдерінің түймесін ағытуын, қадағалау үйрету.Өз шкафтарына киімдерін ілгізуге үйрету мадақтау. Беті қолдарын жуу,сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру.Орындыққа өзі отырып, тұру.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдану.Тамақтан соң алғыс айту.Бата беруге үйрету, Асын, асың,асыңа Береке берсін басыңа Аман -есен әрдайым, Ата-анаң жүрсін қасыңда.				
Ұйқы					
	Ертегі оқып беру	Балаларға баяу әуен қосу	Ертегі оқып беру	Баяу музыка қосу	Ертегі оқып беру
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	Ұйқыдан ояту, созылу, керілу. Ойын жаттығу. Бастапқы қалып: Бөксені төсектен қозғамай,әр аяқты алма-кезек. ішпен жатып, қолды алға бүгу, маңдайды қол сыртына тигізу. Бастапқы қалып: арқамен жатып, қол дене бойында созулы. Қолды жаңға созу-дем алу, қолды кеудеде крестеу-дем шығару. Балаларды бір бірден төсектен тұрғызу, салқын сумен беті – қолдарын жуу.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу.Тауысып ішуін қадағалау.				
Ойындар дербес іс-әрекет	Вариативтік компонент «Сикырлы әріптер» Мақсаты: Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. "Ө" дыбысы мен әрпін таныстыру.	«Мұғалім» сюжетті-рөлді ойыны Мақсаты: балалардың мектепке, мұғалімнің әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу. Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуге және өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Ойдағы жағдаятты түсіну және соған сәйкес әрекет ету.	Вариативтік компонент «Ойнайық та,ойлайық» Мақсаты: Үлгі бойынша қажетті бөлшектерді анықтау арқылы біртұтас пішін құрастыруға үйрету. Сығанақтың қандай пішіндерден тұратынын анықтауға үйрету.	«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойын. Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту.	Вариативтік компонент «Кел билейік!» Мақсаты: Әуенді тыңдауға,ырғақты сезініп,би елесіне енуге дағдыландыру.Қимылды әуен ырғағына келтіре білуге үйрету. Педагогтың айтқанын тыңдап,тапсырманы нақты,әдемі орындауға жаттықтыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.	Асылайымға 10 дейінгі сандарды үйрету Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету	Раянмен жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Мақсаты : Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Төреханмен дидактикалық ойын «Кімге не керек» Мақсаты: жұмысқа арналған құралдар , мамандыққа қажет екенін	Айсезімге сандарды үйрету Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету	Нұралыға отбасы туралы әңгімелесу. Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.

Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.				
Серуен	Мақсаты: Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу. Ауа райына бақылау жасау, күнге бақылау жасау, желге бақылау жасау, аспанға бақылау жасау, күнге бақылау жасауды жалғастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды мерзімге байланысты киіндіруді ескерту	Балаларды мерзімге байланысты киіндіруді ескерту.	Балалардың тамақтануы жайлы ата – аналармен кеңесу.	Балаларды мерзімге байланысты киіндіруді ескерту	Балалардың денсаулықтарына көңіл бөлуді ескерту

2021-2022 оқу жылы, Сәуір айының II аптасысы, 11-15 -і арлығындағы циклограммасы.

"Таңшолпан" мектепалды даярлық тобы

Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

Апта тақырыбы: Ас атасы - нан

Мақсаты: Еңбек туралы түсініктерін қалыптастыру. Бидай туралы түсініктерін кеңейту. Нанның бидай өсімдігінен пайда болатынын ұғындыру.

Міндеттері: -шығармашылық қабілеттерін және ойлауын қалыптастыру.-үлкендердің еңбегі туралы балалардың дұрыс көзқарастарын, сөйлеуін, зейінін, қиялын дамыту.
-қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыруға, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.04.2021	Сейсенбі 12.04.2021	Сәсенбі 13.04.2021	Бейсенбі 14.04.2021	Жұма 15.04.2021
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалармен амандасу, денсаулықтарын тексеру, Көктем мезгілі туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу кеңес беру.				

Ойындар (үстел үсті, дидактикалық,саусақ т.б)	Дидактикалық ойын: "Ұннан не жасалды?" Мақсаты: Балалардың білімділігін арттыру, ойлау қабілетін арттырып, көздің сақтау қабілетін арттыру.	Дидактикалық ойын: "Қандай ұннан дайындалған?" Мақсаты: Балалардың түрлі дәнді-дақылдар туралы білімдерін кеңейтіп, ұнның түрлерімен таныстыру, олардан дайындалатын түрлі тағамдармен таныстыру.	Қимылдық ойын "Доппен ойналады): "Ұн қандай?" Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту, сөйлеу қабілетін арттыру.	Дидактикалық ойын: "Қандай маман?" Мақсаты: Бидайды өсіріп, нан дастарқанға келгенге дейін қызмет атқаратын адамдардың мамандықтарымен таныстыру.	Дидактикалық ойын: "Бірінші және...?" Мақсаты: Нан дйындауға қолданылатын тәсілдерді бірнен кейін бірін орындау ретін үйрету, сөздік қорын дамыту.
Таңертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Дидактикалық ойын:"Құймақтарды ретімен қой" Мақсаты: Дайын құймақ суреттеріндегі балалар сандарды өсу және кему реті бойынша орналастыруға үйрету.	Дидактикалық ойын:"Пазларды құрастыру" Мақсаты: Әр түрлі нан өнімдері бейнеленген суреттерді құрастыру арқылы балалардың ойлау қабілетін, пішіндерді анықтауға үйрету.	Дидактикалық ойын: "Диханшы" Мақсаты: Балалардың ауылшаруашылығы туралы білімдерін кеңейту, диханшының атқаратын жұмыстарын ретімен орналстыруға үйрету.	Дидактикалық ойын: "Шын ба, жалған ба?" Мақсаты: Тәрбиеші нан туралы шын немесе жалған ақпарат айтады, балалар нан туралы білімдерін ортаға салу, білімдерін бекіту.	Дидактикалық ойын: "Егістік" Мақсаты: Балалардың ойына деген қызығушылықтарын арттыра отырып командамен бірге жұмыс жасау

